Но история Атбасара началась еще в эпоху камня. Древнейший человек стал селиться в окрестностях Атбасара в эпоху неолита. В археологии существует целое направление - Атбасарская культура. Около села Покровка обнаружено поселение Саргалы (VIII—VII вв. до н.э.). Вблизи села Самарка находятся курганы, датируемые ранним железным веком. В окрестностях Атбасара встречаются «балбалы» - каменные изваяния тюркской культуры, относящиеся к VII—XII векам. Археологические памятники средневекового периода представлены мазарами (каменными склепами).

В XIII—XVIII века земли Атбасара принадлежали казахским кочевникам, основным занятием которых было скотоводство. Даже простой скотовод-казах имел скот, исчислявшийся сотнями, поэтому табуны до тысячи голов были не редкость. «Рогатый скоту коренного населения хорош на мясо и довольно молочный, а главное не прихотлив», - утверждали путешественники. Название Атбасар встречается в научных документах с момента создания Казахского ханства. В XV веке знаменитые султаны-чингизиды Керей и Жанибек, несогласные с политикой жестокого Абулхаир хана, откочевали с народом из родных мест в Дешт-и-Кипчак. Во время откочевки, на одном из берегов реки Есиль, в устье под названием «Атбасар» произошло несколько важнейших событий, связанных согласно



средневековым документам с именем хана Мустафы, чья ставка была расположена в устье «Атбасар».

Масуд бен Усман Кухистани в своем труде под названием «Тарих-и Абулхаирхани» упоминал о военной битве между Мустафой ханом и Ваккасбием. В итоге побежденный Мустафа хан отступил на запад Казахстана, позже откочевав в сторону Средней Азии. Таким образом, события XV века, произошедшие в Дешт-и-Кипчаке, были напрямую связаны с Атбасаром.

В 30-е годы XIX века началась новая страница истории Атбасара. Предположительно около 1840 года на берегу реки Жабай (называемой Атбасаркой) появились первые землянки-избушки из самана, это был казачий пекет на степном тракте, где казаки несли сменную службу. Спустя несколько лет казачий пекет разросся, поселение насчитывало уже несколько десятков построек, через которое проходил «казенный» почтовый тракт. Затем российским правительством у слияния рек Атбасарка и Керегетас был построен пограничный пункт № 96, обеспечивавший охрану караванов, шедших из Средней Азии в Петропавловск и Омск. В период народно-освободительного движения в 1837 году под предводительством хана Кенесары царское правительство усилило укрепление казачьими войсками. В 1843 году генерал-губернатор Западной Сибири Горчаков предложил построить вместо укрепленного пункта станицу Атбасарскую. В марте 1843 года предложение губернатора было одобрено Николаем I. Данный укрепленный пункт постоянно затапливало паводковыми водами, поэтому при строительстве станицы пришлось отступить на три версты к юго-западу от первоначального места. Весной 1845 года на место строительства новой станицы прибыла команда мастеровых строительных рабочих из 29 человек во главе с урядником второго класса Василием Фураевым. 6 июня 1845 года рабочие строители получили свое первое жалование, и с этой даты по архивным документам началось строительство города Атбасара. Социально-экономическое развитие Атбасара возросло во второй половине XIX века. По высочайшему, утвержденному самим императором, расписанию от 10 октября 1854 года Атбасарская станица была причислена в состав 2 полка Сибирского линейного казачьего войска. Тогда в Атбасаре кроме начальной школы была уже церковь, ларьки, кабаки, и открылись первые кустарные мастерские. В 1859 году в станице имелось все необходимое для нормального обустройства переселенцев: полковой дом с флигелем, кухней, людской, конюшней, завозней и амбаром с ледником, офицерская школа первой и второй сотен, караульные дома, аммуничья, цейхгауз, дом для обер-офицеров, пороховой и пожарный погреб. В новой казачьей станице большую заботу проявляли о лошадях, имелись конюшни для строевых и почтовых лошадей, конный лазарет, манеж. Из двух построенных магазинов один принадлежал провиантскому ведомству, а другой – Сибирскому линейному казачьему войску. Имелось в станице и питейное заведение – винный подвал. К гражданскому ведомству относился только заложенный артиллерийский парк.

Надо отдать должное продуманности закладывания станицы Атбасарской. По плану в центре, на площади размещалась церковь, вокруг четкие прямоугольные кварталы улиц, каждый квартал включал в себя четыре дома с надворными постройками. Недалеко за частными домами были размещены мусульманское и православное кладбища. К началу 1860-х годов в станице насчитывалось 206 дворов, население составляло 1557 человек. Была построена мечеть, появились новые по функциональному назначению здания: одноклассное училище, казахские мужская и женская школы, почтово-телеграфная контора, метеостанция. Развивались кустарные предприятия по переработке продуктов животноводства и торговля: салотопенный завод, паровая, пять ветряных и две водяных мельницы, три кузницы, 29 лавок. История Атбасара в этот период тесно связана с деятельностью Чокана Валиханова, вернувшегося в 1861 году из Петербурга. Желая преодолеть беззаконие в степи, в 1862 году Валиханов выставил свою кандидатуру на должность выборного старшего султана Атбасарского окружного приказа. «Любезный

друг, Федор Михайлович, - писал Чокан своему старшему другу Достоевскому, - я думал как-то сделаться султаном, чтобы посвятить себя на пользу соотечественников, защищать их от чиновников и деспотизма богатых казахов. С этой целью я согласился быть выбранным в старшие султаны Атбасарского округа. На выборах меня выбирают большинством голосов. Но противник мой, человек неграмотный и бывший не раз под судом, по опыту знает, что деньгами можно сделать все. Деньги идут в Омск. И я вдруг получаю известие, что генерал-губернатор Дюгамель не хочет меня ни за что утверждать. Его адъютант сказал, что начальство через султанство мое боялось дать большое влияние моим родителям». Таким образом, несмотря на преимущество Ч.Валиханова, решением чиновников колониальной администрации должность старшего султана-правителя получил ЕрденСандыбаев.

В 1869 году станица стала центром Сарысуйского уездного управления, в «Статистическом описании Сибирского казачьего войска», выпущенного в 1879 году сообщается, что в Атбасаре было дворов-177, два станичных училища- мужское и женское, 39 лавок, жителей войскового сословия-916, вместе с другими-1253 человека.

13 сентября 1878 года высочайшим императорским повелением было указано: преобразовать станицу в город-административный центр нового Атбасарского уезда. Территория уезда занимала больше площади нынешних Сандыктауского, Макинского, Астраханского, Коргалжинского, Жаксынского, Есильского, Жаркаинского и полностью Атбасарского районов. «Население Атбасара составляло три тысячи человек, в уезде площадь составляла 114549 кв. верст с населением в 149481 человек, в том числе 92678 человек казахского населения».

Русская колонизация уезда началась в 80-х гг. XIX столетия, когда было образовано 7 крестьянских селений. В Атбасарский и Амолинский уезды главным образом направлялись переселенцы из степных внутренних губерний: Самарской, Воронежской, Харьковской, Донской областей. Объясняется это тем, что уезды представляли степное пространство, на котором могут приспособиться для ведения хозяйства только жители степных же губерний. В честь приезда в казахские степи старшего сына царя Российской империи Александра II, князя Владимира, был организован смотр степных округов, подчиненных Сибирскому ведомству. Среди экспонатов выставки, устроенной по случаю приезда в степь великого князя Владимира Александровича в 1886 году посвященной культуре производства изделий казахского быта, была юрта, собранная и установленная на видном месте Нурмаганбетом Сагынаевым и Мейрамом Жанайдаровым. Гости с представителем династии Романовых посетили юрту, в которой были размещены предметы казахского декоративно-прикладного искусства, и попробовали кумыс. В конце XIX века капиталисты России стали организовывать в Казахстане промышленное производство, так как земля была богата полезными ископаемыми, в частности медной рудой. На Атбасарском и Спасском медных рудниках было добыто 2004 495 пудов медной руды, из которых извлечено 271 421 пуд меди.

Атбасар был местом проведения крупных ярмарок. Один из местных исследователей Сайлау Байбосын писал: «Во времена царской власти в этом месте два раза в год проходила ярмарка: летом - «Бокшабай» (Петровская), осенью - «Знаменская». Лучшие люди Сары Арки, такие как Акан сери, Балуан Шолак, Газиз, Мади исполняли перед народом далеко разносившиеся песни. К сведению Атбасар не раз выдвигался на роль столицы или областного центра. Например, 24 декабря 1924 года на заседании бюро Киргизского (Казахского) областного комитета партии рассматривался вопрос о статусе Оренбурга как столицы Казахской Автономной Советской Республики. С.Садуакасов и С.Мендешев обосновали свои взгляды с разных позиций, назвали несколько городов, которые могли быть рассмотрены в качестве новой столицы, среди них был и Атбасар. Тем не менее, подавляющим большинством членов бюро, Оренбург остался столицей Казахстана.

Указом Президиума Верховного Совета СССР от 14 октября 1939 года была образована Акмолинская область, за счёт части территории Карагандинской и Северо-Казахстанской областей с центром в г. Акмолинске. С образованием Акмолинской области Атбасар был включён в неё. Большое промышленное значение для экономики города имело строительство в 1939—1943 годах железной дороги Акмолинск — Карталы, связавшей Атбасар с Карагандинским угольным бассейном, Уралом и другими экономическими центрами страны.

Освоение целинных и залежных земель в 1954—1964 также способствовало дальнейшему росту и развитию экономики города. Особенно это коснулось пищевой промышленности и стройиндустрии. В Атбасаре действовали комбинат хлебопродуктов, два хлебозавода, сыродельный и мясокомбинаты, маслозавод, элеватор, крупные автобазы, каменно-щебёночный карьер, комбинаты железобетонных конструкций и керамзитобетонных изделий. Атбасар становится одним из крупных агропромышленных центров области и важнейшим железнодорожным пунктом по экспорту зерна и хлебопродуктов.

Об Атбасаре неоднократно упоминает в своих мемуарах Л.И. Брежнев, в «Целине» он пишет: «...Из Кустаная я отправился в поездку по целинным областям, районам, совхозам, где всюду шёл сев. На станциях Есиль и Атбасар застал в буквальном смысле столпотворение. Пропускная их способность была совершенно несоразмерна количеству поступающих грузов... Множество грузов прибывало и в районный центр Атбасар. Старинный, пыльный, открытый всем ветрам городишко с низкими домами и чахлой зеленью принимал эшелоны с техникой, лесом, цементом, деталями домов, полевыми вагончиками, металлом, бензином, семенами, продовольствием и товарами — принимал не только для собственных целинных хозяйств, но и для трёх смежных районов. На разгрузку эшелонов было мобилизовано всё население городка...» «... жил, трудился в самом что ни на есть тихом городке, заброшенном в глухой, опалённой солнцем степи, и жизнь эта текла тоже тихим, размеренным ходом. Но вот наступил 1954 год, и городок оказался в эпицентре целинных дел, на виду у всей страны...»

В декабре 1960 года Атбасар вошёл в состав Целинного края, образованного из пяти северных областей Казахской ССР. 9 июля 1962 года Атбасар получил статус города областного подчинения<sup>[7]</sup>.

С середины 1960-х годов с ростом крупных предприятий развернулось и жилищное строительство, которое велось по типовым проектам. Атбасар продолжал развиваться в западном и южном направлении.

В конце 1970-х — начале 1980-х к юго-западу от старой части города, между улицами Школьная (Валиханова) и Луки Белаш, формируются новый общественный центр, главная городская площадь.

С конца 1980-х годов начался отток населения. В 1990-х годах предприятия, работавшие ранее по плановой экономике, пережили спад, в то же время произошло развитие малого-среднего предпринимательства, преимущественно магазинов, гостиниц и точек общественного питания., население на 2024 год составило 30 744 жителя.

Город Атбасар за последние несколько лет регулярно подвергается наводнениям. Были крупные наводнения в Атбасаре в 1964, 2009, 2014, 2017 годах и в 2024 году. Из-за наводнений весь мир узнал о существовании небольшого степного, открытого всем ветрам городка, который знаменит своей богатой историей и своим гостеприимством и радушием.

#### Литература:

1. Атбасарская станица // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1890—1907.

2. Атбасар // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1890—1907.
3. Ведомости Верховного Совета СССР. № 30 (1117), 1962 г.
4. Городецкая И. Л., Левашов Е. А. Атбасар // Русские названия жителей: Словарь-справочник. — М.: АСТ, 2003. — С. 34. — 363 с. — 5000 экз. — ISBN 5-17-016914-0.
5. Атбасар // Большая советская энциклопедия : в 66 т. (65 т. и 1 доп.)

## XIX-XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АЛТЫН ОРДАНЫҢ ОТАНДЫҚ ТАРИХНАМАСЫ

**Сейтмағанбетова Жазира Тоқтарқызы**

гуманитарлық ғылымдар магистрі,  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің  
Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі  
[sssaggitarius@mail.ru](mailto:sssaggitarius@mail.ru)

***Аннотация.** Ұзақ жылдар бойы Алтын Орда тарихы көптеген зерттеушілердің назарынан тысқары қалып, толық және объективті зерттеуге ұшыраған жоқ. Мұның астарында дереккөздердің тапшылығы мен біржақтылығы, кеңестік кезеңдегі идеологиялық кедергілер, Ресейдің тарихнамалық ықпалы, археологиялық зерттеулердің жеткіліксіздігі, тарихи мұрагерлік мәселесі жатыр. Мақалада автор Алтын Орда феноменінің қай ғасырдан бастап зерттеле бастағанын, бұрынғы заманнан бүгінгі күнге дейін Алтын Орда тарихын зерттеген тарихшы ғалымдардың, оның ішінде отандық тарихшылар мен шығыстанушылардың түрлі тұжырымдарын талдайды.*

*Сондай-ақ мақала авторы Алтын Орда тарихын зерттеу — тарихи қызығушылық қана емес, сондай-ақ қазіргі заманғы мемлекеттердің дамуы үшін маңызды ғылыми негіз, сондай-ақ Еуразия кеңістігіндегі этностардың өзара қарым-қатынастарын, экономикалық байланыстарын және өркениеттік дамуын түсінудің кілті деген қорытындыға келеді. Оның саяси, экономикалық және мәдени мұрасы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай отыр.*

***Кілт сөздер:** Алтын Орда, Ақ Орда, тарихнама, этнос, этногенез, Ш. Уәлиханов, Орда-Ежен, Натанзи, В.П. Юдин, шежіре, Жошы Ұлысы, Қазақ хандығы.*

## ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ XIX-XX ВЕКОВ

**Сейтмағанбетова Жазира Токтаровна**

магистр гуманитарных наук,  
официальный представитель Департамента Агентства РК  
по делам государственной службы по Акмолинской области  
[sssaggitarius@mail.ru](mailto:sssaggitarius@mail.ru)

***Аннотация.** В течение многих лет история Золотой Орды оставалась вне поля зрения многих исследователей и не подвергалась полному и объективному изучению. В основе этого лежит проблема дефицита и предвзятости источников, идеологические барьеры советского периода, историографическое влияние России, недостаточность археологических исследований, проблемы исторической преемственности. В статье автор анализирует, с какого века начал изучаться феномен Золотой Орды, различные выводы ученых-историков, изучавших историю Золотой Орды с прежних времен до наших дней, в том числе отечественных историков и востоковедов.*

Также автор статьи приходит к выводу, что изучение истории Золотой Орды – не только исторический интерес, но и важная научная основа для развития современных государств, а также ключ к пониманию взаимоотношений, экономических связей и цивилизационного развития этносов на евразийском пространстве. Его политическое, экономическое и культурное наследие не теряет своей актуальности и по сей день.

**Ключевые слова:** Алтын Орда, Ак Орда, историография, этнос, этногенез, Ш. Валиханов, Орда-Ежен, Натанзи, В.П. Юдин, шежире, Улус Джучи, Казахское ханство.

## NATIONAL HISTORY OF THE GOLDEN HORDE IN XIX-XX CENTURIES

Seitmaganbetova Zhazira Toktarovna,

Master of Humanities,

Official representative of the Department of the Agency  
of the Republic of Kazakhstan for Civil Service Affairs  
in the Akmola region

[sssaggitarius@mail.ru](mailto:sssaggitarius@mail.ru)

**Abstract.** For many years, the history of the Golden Horde has remained out of the field of view of many researchers and has not been subjected to a complete and objective study. This is based on the scarcity and bias of sources, the ideological barriers of the Soviet period, the historiographical influence of Russia, lack of archaeological research, and the problems of historical continuity. In the article, the author analyzes the century from which the phenomenon of the Golden Horde began to be studied, and the various conclusions of historians who have studied the history of the Golden Horde from earlier times to the present day, including Russian historians and orientalists.

The author of the article also comes to the conclusion that studying the history of the Golden Horde is not only of historical interest, but is also an important scientific basis for the development of modern states, as well as the key to understanding the relationships, economic ties and civilizational development of ethnic groups in the Eurasian space. Its political, economic and cultural heritage remains relevant to this day.

**Key words:** Golden Horde, Ak Orda (White Horde), historiography, ethnic group, ethnogenesis, Sh. Ualikhanov, Orda-Yezhen, Natanzi, V.P. Yudin, shezhire, Jochi Ulus, Kazakh khanate.

Алтын Орда феномені бөлек кеңестік республикалардың ұлттық тарихнамасының тар шеңберіне сыймай, ұзақ жылдар бойы тарихшылардың назарынан тысқары қалды. Бұл ұлы еуразиялық мемлекеттің тарихы бұрынғы КСРО-ның бірнеше ірі түрік этностарын біріктіреді және бұл жағдай тар этникалық сәйкестіктерді қолдауға нақты бағытталған ресми кеңес тарихнамасымен көтермеленген жоқ. Алайда, қазіргі уақытта дәл осы тақырыпты зерттеу Қазақстандағы ұлттық құрылыс үшін өте тиімді болуы мүмкін. Алтын Орда тарихын жалпы түрік тарихының бір бөлігі ретінде қарастыру тарихтың осы бөлігін «иемденуді» болдырмайды [1].

Елімізде Алтын Орда тарихын зерттеу шамамен екі жүз жылға созылды. Алтын Орданың тарихы көрініс тапқан қазіргі заманның қазақ тарихи ойының ең алғашқы жазба ескерткіші XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы «Хандар шежіресі» сияқты жасырын қолжазба деп санауға болады [2]. Бұл қолжазбада билеушілердің, сондай-ақ Адамның атасынан Абылай хан мен оның ұлдарына дейінгі тарихи және мифологиялық тұлғалардың шартты шежіресі бар. Шежіреден басқа қолжазбада көптеген тарихи мазмұндағы жазбалар бар. Автордың басты мақсаты әлем тарихының панорамасын

бейнелеу және ондағы қазақ хандарының Шыңғыс хан державасының мұрагерлері ретіндегі орнын көрсету екенін түсінуге болады.

XIX ғасырдың басына 1813 жылы Түркістанда қазақ сұлтаны, кейіннен хан, Әли-Ақбардың тапсырысы бойынша Абд-Рахим Узганди жазған «Қисса-дастан Шыңғыс хан» шығармасы жатады. Бұл шығарманың негізінде Орал-Еділ, Кавказ және Қазақстан Түркі халықтарының ауызша және жазбаша дәстүрінде кеңінен танымал, алайда Али-Ақбар сұлтанның өзіне дейін Шыңғыс ханның ұрпақтары туралы ақпаратпен толықтырылған Шыңғыс хан туралы дастан жатыр [3].

Алтын Орда тақырыбын XIX ғасырдың ортасында әйгілі қазақ шығыстанушысы Ш.Ш. Уәлиханов өзінің бірқатар мақалалары мен хаттарында қозғайды. Бұл жұмыстардың арасында Қадыр Әли-бек шығармасының орыс тіліне ішінара аудармасын егжей-тегжейлі түсіндірмелермен, хан жапсырмаларын аударуға ескертулермен, қазақ тайпаларының Шежіресі мен Тауратқа арналған бірқатар зерттеулермен, сондай-ақ қазақтардың тарихи фольклоры жөніндегі жұмыстармен атап өту маңызды [4].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында екі татар авторының еңбектері жарық көрді, олардың өмірі қазақ халқымен тығыз байланысты болды, соның арқасында олардың жұмыстары қазақ тарихнамасы қорына енді. Біріншісі - ол Құрбанғали Халид, Аяғөздің тумасы, өмірінің көп бөлігін Чугучак қаласында молда ретінде өткізді. Оның 1889 және 1910 жылдары жарық көрген Шығыс тарихы жөніндегі еңбектерінде қазіргі түркі халықтары мен ең алдымен қазақтардың қалыптасуы үшін маңызды кезең ретінде Алтын Орда кезеңін ұғыну қамтылған [5]. Екінші автор - Салахаддин Шарафутдинов, - көптеген жылдар бойы Бөкей Ордасының Хан ставкасында молда қызметін атқарды. Оның «Шаджарат Шыңғыс» еңбегі Шыңғыс ханның, сондай-ақ оның ата-бабалары мен ұрпақтарының тарихына арналып, қазақ таураттарының шежіресін егжей-тегжейлі сипаттауға ерекше назар аударылады [6].

XX ғасырдың басында Алтын Орданың тарихы Абай Құнанбаев [7], Шәкәрім Құдайберді [8], Мәшхүр Жүсіп Көпеев [9] сияқты көрнекті қазақ зерттеушілері мен ағартушыларының монументалды еңбектерінде, сондай-ақ тағы бір жасырын «Хандар шежіресі» қолжазбасында көрініс тапты [10]. Белгіленген жұмыстар дәстүрлі шығыс тарихнамасының стилінде жасалған, бірақ олар авторларды қазіргі татар, түрік және еуропалық ғылымның жетістіктерімен жақсы таныстырады.

Кеңестік кезеңнің басталуымен қазақстандық тарихнамада елеулі өзгерістер орын алуда: бір жағынан, қазақ тарих ғылымы зерттеу жұмысын ұйымдастырудың әдіснамасы мен қағидаттары тұрғысынан еуропалық ғылымның жетістіктерімен едәуір байытылады, екінші жағынан, Кеңестік идеология зерттеушілердің назарын хан билігімен байланысты мемлекеттің саяси тарихынан «халық бұқарасының» мәдениеті мен тарихын зерттеуге айтарлықтай ауыстырады. 1920-30 жылдары шыққан жұмыстардың ішінде А.П.Чулошниковтың [11], М.Тынышпаевтың [12] кітаптарын, сондай-ақ С.Асфендияровтың [13] еңбектерін, және Ә.Х. Марғұланнның алғашқы жұмыстарын атап өткен жөн.

1940 жылдардың басында Қазақстан тарихы бойынша екі жалпылама еңбек жарық көрді: 1941 жылы – кеңес тарихшысы М. П. Вяткин жазған Қазақ КСР тарихының очерктері [14], ал 1943 жылы – бірінші кітаптың негізгі ережелерін қайталайтын «Қазақ КСР тарихы» ұжымдық монографиясы [15]. Бұл жұмыстарда Алтын Орда мемлекеті марксистік әдіснама тұрғысынан - феодалдық білім ретінде қарастырылды, бірақ соған қарамастан қазақ халқының қалыптасуы мен дамуында шешуші рөл атқарды.

Қазақстанда Алтын Орданы зерттеуде елеулі өзгерістер 1940 жылдардың ортасында орын алуда. Бұл КСРО-дағы Алтын Орда тарихына қатысты идеологиялық бағыттың күрт өзгеруіне байланысты болды және 14.12.1945 жылғы «Қазақстанның партиялық ұйымындағы идеологиялық жұмыстағы қателіктер мен кемшіліктер туралы» әйгілі баяндамада, сондай-ақ «қазақ ұлтының қалыптасуы мен дамуы» процесінде «татар-моңғол

шапқыншылығының» рөлін қатты сынға алатын бірқатар басқа құжаттарда көрініс тапты деп саналады [16]. Бұл бірінші кезекте 1949 жылғы «Қазақ КСР тарихының» жаңа басылымында [17], сондай ақ Қазақстандағы Алтын Орда тарихы мен мәдениетін зерттеу қарқындылығының келесі екі онжылдықта айтарлықтай төмендеуінде көрініс тапты.

Ғылыми ортада осы тақырыптың біршама жандануы 1960 жылдардың екінші жартысынан бастап байқалады. 1969 жылы тарих, этнография және археология институтының ғалымдар ұжымы көрнекті Алматы шығыстанушысы В.П. Юдиннің редакциясымен «қазақ хандықтарының тарихы бойынша материалдарды» дайындап шығарды [18]. Шын мәнінде, бұл маңызды дереккөздер жинағы В.Г. Тизенгаузеннің Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының жалғасы болды.

1979 жылы «Қазақ КСР тарихы: Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін» атты екінші том жарық көрді [19]. Бұл жұмыста екі тарау Алтын Орда мәселесіне арналды. Аталған бөлімдерді дайындауға Қазақстан Ғылым Академиясының және басқа да жетекші (одақтық) зерттеу институттарының жетекші ғалымдарының үлкен тобы қатысты. Алдыңғы басылымдардан айырмашылығы, бұл академиялық жұмыста моңғол жаулап алу кезеңі, атап айтқанда моңғолдардың Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Қазақстан аумағына басып кіруі егжей-тегжейлі баяндалған. Сонымен қатар, 1970–80 жылдары Т.И.Сұлтановтың [20], Н.Мингуловтың [21], В.П.Юдиннің [22], К.А. Пищулинаның [23], А.Ш.Қадырбаевтың [24; 25] және Алтын Орда тақырыбын зерттеуге елеулі үлес қосқан басқа авторлардың жұмыстары шығады.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдары Қазақстанда Алтын Орда кезеңіне деген қызығушылықтың артуымен ерекшеленді. Осы жылдары жоғарыда аталған авторлардың жаңа жұмыстарымен қатар [26; 27; 28; 29], А.И. Исиннің [30; 31] және басқа зерттеу авторларының бірқатар мақалалары шығады. Алайда, қазақстандық шығыстанудың белгілі бір жетістіктеріне қарамастан, олар Алтын Орда тарихына қатысты бөлімдерде ғалымдардың қорытынды, жалпылама академиялық еңбектеріне аз әсер еткенін ескеру қажет. Тәуелсіздік кезеңінде, 90-шы - 2000-шы жылдардың екінші жартысындағы «Қазақстан тарихы» академиялық бес томдық басылымында екінші том ішінара тікелей Алтын Орда дәуіріне арналған [32]. Бұл басылымдағы моңғол жаулап алулары мен Алтын Орданың тарихы «Қазақ КСР тарихының» алғашқы көп томдық басылымында берілген түсіндіруден айтарлықтай ерекшеленбеді (Т. 2, 1979). Бірақ айырмашылықтар, соның ішінде құрылымдық айырмашылықтар болды. Мәселен, егер осы (бірінші) басылымда Алтын Орда мен оның тарихы «Қазақ ұлты мен Қазақ хандығының қалыптасуы (XIV-XVII ғасырлар)» бөліміне кірмеген болса және «Қазақстан моңғолдардың билігінде» тарауында қалса, онда жаңа басылымда Алтын Орда «Қазақ ұлтының бірігуі. Қазақ мемлекетінің қалыптасуы» бөлімінің бір бөлігіне айналды. Мұны бұрынғы Тұжырымдаманың белгілі бір номинативті түзетуі деп санауға болады. Бірақ бұл ретте, 1997 жылғы жаңа басылымда ортағасырлық Қазақстан аумағында Шыңғыс ұлыстарының қалыптасуының бұрынғы түсіндірмесі сақталып, кіші бөлімдердің атауларын да, материалдың мазмұндамасын да іс жүзінде қайталап отырды. Осылайша, В.П. Юдин, Т.И. Сұлтанов сияқты қазақстандық шығыстанушылардың Алтын Орда тарихы бойынша өзекті эзирлемелері осы академиялық басылымда толыққанды көрініс тапқан жоқ.

XXI ғасырда қазақстандық тарихнамада Алтын Орда тақырыбына назар аудару жалғасуда. 2000-2010 жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы және басқа да бірқатар бағдарламалар бойынша ортағасырлық кезең тарихы, оның ішінде Алтын Ордаға қатысты көптеген дереккөздер дайындалып, жарияланды [33]. Моңғол кезеңіндегі Шығыс шығармаларының деректану мәселелері М.Х. Әбусейітованың [34], Ж.М.Төлеубаеваның [35], А.К.Мүміновтың [36], Б.Е. Кумековтың және т.б. еңбектерінде қаралды. Қазақстандағы Алтын Орда тарихы бойынша ең көрнекті жұмыстардың ішінде А.И. Исиннің [37], Ж.М. Төлеубаеваның [38], К.З. Өскенбайдың [39], З.Қинаятұлының [40], А.К.Күшкімбаевтың [41], Ж.М.Сәбитовтың [42] және басқа да көптеген авторлардың [43]

бірқатар мақалалары мен монографияларын атап өткен жөн. Оның ішінде 2003 жылғы докторлық диссертациясының ережелерін көрсететін Қ.З. Өскенбайдың (2013 ж.) монографиясын ерекше атап өткен жөн, оны қазақстандық ғылымдағы Алтын Орда тарихы бойынша тұжырымдамалық жалпылаудың соңғы тәжірибесі ретінде қарастыруға болады және бірқатар мәселелерді зерделеудегі маңызды кезең деп санауға болады. Сонымен қатар, 2013 жылы кітап шыққан кезде автордың Алтын Орда тарихының жекелеген мәселелері бойынша көптеген ұсыныстары даусыз болып көрінбегенін және қазақстандық тарихшылар арасында осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан елеулі пікірталас тудырғанын ескеру қажет.

Алтын Орда тақырыбына қатысты зерттеушілер арасында әртүрлі көзқарастар бар. Тарихшылар бұл мемлекеттің рөлін, оның Шығыс Еуропаға, Орта Азияға және қазақ халқының қалыптасуына әсерін әртүрлі бағалайды.

Василий Бартольд (1869–1930) – әйгілі шығыстанушы Алтын Орданы моңғолдар құрғанымен, ол уақыт өте келе түркіленген мемлекетке айналғанын атап өтті. Ол бұл мемлекеттің исламды қабылдауы оның дамуында маңызды рөл атқарғанын айтты [44]. Лев Гумилев (1912–1992) – Алтын Орданы Еуразиялық империя ретінде қарастырып, оның Русь мемлекеттеріне және Орта Азияға оң ықпалын атап өтті. Ол моңғол шапқыншылығының қиратушылық әсерінен гөрі, оның мемлекеттік жүйені нығайтуға және сауданы дамытуға үлес қосқанын көрсетті [45]. Рене Груссе (1885–1952, Франция) – моңғол жаулап алушыларының әлемдік тарихқа тигізген ықпалы туралы жазып, Алтын Орданы Шыңғыс хан ұрпақтары басқарған дербес мемлекет ретінде сипаттады. Сергей Соловьев (Ресей тарихшысы) – Ол Алтын Орданы Ресейдің қалыптасуындағы маңызды фактор ретінде қарастырды, бірақ оның әсерін негізінен теріс сипатта бағалады. Ол ордалық үстемдік Мәскеу князьдігінің күшеюіне ықпал еткенімен, сонымен қатар оның дамуын тежеді деп санады [46].

Кейбір зерттеушілер Алтын Орданы моңғол мемлекеті деп есептесе, енді бірі оны түркі-моңғол синтезінің нәтижесінде пайда болған держава деп санайды. Қазіргі Қазақстанда Алтын Орда Қазақ хандығының бастауы ретінде қарастырылады, ал Ресейде оны Татар-Моңғол игомының бір бөлігі ретінде көреді.

Татар ғалымдары (Р. Г. Фахрутдинов, М. Г. Хакимов) – Алтын Орданы түркі-татар өркениетінің бірегей кезеңі деп қарастырып, оның құқықтық, экономикалық және мәдени жүйесінің дамуына үлкен үлес қосқанын атап өтеді [47].

Қазақ зерттеушілері (М. Қозыбаев, Б. Кәрібаев, З. Қинаятұлы) – Алтын Орданы Қазақ хандығының бастауы ретінде қарастырады. Олар бұл мемлекеттің ыдырауы қазақ халқының этникалық қалыптасуына ықпал еткенін және оның заңдары, басқару жүйесі кейінгі қазақ мемлекетіне негіз болғанын айтады [48; 49; 50].

Кейбір зерттеушілер Алтын Орданы «Шығыс Еуропадағы алғашқы федерация» деп атайды, өйткені онда әртүрлі этностар мен діндер бейбіт қатар өмір сүрген. Басқалары бұл мемлекеттің құлдырауын билеушілердің ішкі қақтығыстары мен Әмір Темірдің шабуылдарымен байланыстырады.

Алтын Орда тарихын зерттеу – тек тарихи қызығушылық ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманғы мемлекеттердің дамуы үшін маңызды ғылыми негіз, сондай-ақ Еуразия кеңістігіндегі этностардың өзара қарым-қатынастарын, экономикалық байланыстарын және өркениеттік дамуын түсінудің кілті. Оның саяси, экономикалық және мәдени мұрасы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай отыр.



### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Независимый Казахстан: борьба за прошлое // Актуальные проблемы современной казахстанской историографии. Тимур Козырев, Астана, 2013 ж.
2. Қазақ жазбаларындағы хандар шежіресі/ кіріспе, түркі-шағатай тілінен қазіргі әріптерге түсірген, факсимилесін, көрсеткіштерін дайындағандар М. Шафиғи, С. Саттарұлы, Г.М. Абилова; бас ред. Ә.Қ. Муминов; ред. Қ.Е. Қаймақбаева. - Алматы: Ғылым ордасы, 2015. - 310 б.
3. Әбдрахман Өзкенді. Қисса-дастан Шыңғыс хан: Қолжазба факсимилесі /ауд.: Жандарбек, З.Муминова. Баспаға дайындаған: Г. Байсариева. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 182 б.
4. Валиханов Ч.Ч. Извлечения из Джами ат-таварих // Собрание сочинений в пяти томах. Алма-Ата: Главная ред. Казахской советской энциклопедии, 1984. Т.1. С. 228-255.
5. Курбан Али валад-и Халид Хаджи Айгузи. Тарих-и джарида-и джадида. Казань, 1889. (в араб. графике на татар. яз.),
6. Шаджарат Чингизийа. Казань: Типография братьей Каримовых, 1906.
7. Н.Әлімбай, Ж. Белтен. Абай Құнанбайұлының "Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы" атты қолжазбасы жөнінде//Қазақ тарихы, 2020, № 12, бб.2-7.
8. Шакарим Кудайберды-ұлы. Родословная тюрков, казахов, киргизов и ханских династий. Пер. Б. Каирбекова. Алма-Ата, СП Дастан, 1990. 120 с.
9. Сары Арқаның кімдікі екендігі. Қазақтың осы күнгі әңгімесі / Мәшһүр Юсуф Куфаев. - Қазан: Шәрәф мәтбәғасы, 1907. - 24 б.
10. Хандар шежіресі [Мәтін] : Қазақстан Респ. Ұлттық кітапханасының Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорынан табылған "Хандар шежіресі" атты көне қолжазбадан / Дайын. Ж.Кариева, М.Шафиғи, М.Жармұхамедұлы // Ана тілі. - 1997. - 25 желтоқсан (№ 52). - 1,7 б.
11. Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен: Лекции, читанные в Оренбургском отделении Московского археологического института в 1921 году. Ч. 1. Древнее время и средние века. Оренбург: Киргизское государственное издательство, 1924. XII + 291 с.
12. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент: Восточное отделение Киргизского государственного издательства, 1925. 75 + 14 с.
13. Асфендиаров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Алма-Ата; Москва: Казахстанское краев. изд-во, 1935. 262 с.
14. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. С древнейших времен по 1870 г. М.: ОГИЗ; Госполитиздат, 1941. Т. 1. 367 с.
15. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. / Под ред. М. Абдыкалыкова, А. Панкратовой. Алма-Ата: КазОГИЗ, 1943. 670 с.
16. Докладные записки в ЦК ВКП(б) о состоянии идеологической работы в Казахстане (1945г.). Публикация Р.М. Жумашева // Вопросы истории, 2002, № 5. режим доступа: <https://rabkrin.org/1944-ob-oshibkah-i-nedostatkah-v-ideologicheskoy-rabotev-partiynoy-organizatsii-kazahstana-dokument/>
17. История Казахской ССР. С древнейших времён до наших дней. Под общ. ред. И.О. Омарова и А.М. Панкратовой. 2-е изд. исп. и доп. Т. 1. Алма-Ата: Казахское объединенное гос. изд-во, 1949. 511 с.
18. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков: (Извлечения из перс. и тюрк. сочинений). Сост. С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата: НаукаКазССР, 1969. 651 с.
19. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. II. Алма-Ата: Наука КазССР, 1979. 423 с

20. Султанов Т.И. К вопросу о терминах «Ак-Орда», «Кок-Орда» и «Юз-Орда» // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока. VI годичная научная сессия ЛО ИВ АН. М.: Глав. ред. вост. лит., 1970. С. 94-96.
21. Мингулов Н.Н. К некоторым вопросам изучения истории Ак-Орды // Казахстан в эпоху феодализма (Проблемы этнополитической истории). Алма-Ата: Наука КазССР, 1981. С. 79-95.
22. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XV-XVIII вв. Алма-Ата: Наука, 1983. С.106-165.
23. Пищулина К.А. Письменные восточные источники о присырдарьинских городах Казахстана XIV—XVII вв. // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии: Материалы Всесоюзного совещания 13—15 мая 1981 г., Алма-Ата / Под ред. Б. А. Тулепбаева. Алма-Ата: «Наука», 1983, с. 165—177.
24. Кадырбаев А.Ш. Тюрки в Монгольской империи Чингисхана и его преемников. XIII—XIV века. Научно-аналитический обзор. Алма-Ата: Наука КазССР, 1989. 38 с.
25. Кадырбаев А.Ш. Тюрки и иранцы в Китае и Центральной Азии XIII—XIV вв. Алма-Ата: Ғылым, 1990. 160 с.
26. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме / Факсимиле, перевод, транскрипция, примечания, исследования В.П. Юдина, комментарии и указатели М.Х. Абусейтовой, Алма-Ата: Ғылым, 1992. 296 с
27. Кадырбаев А.Ш. За пределами Великой Степи. Алматы: Демей, 1997. 200 с.
28. Пищулина К.А. Государственность в Казахстане в эпоху эмира Тимура и Тимуридов (XIV–XV вв.) // Амир Тимур и его место в мировой истории. Тезисы докладов международной конференции. Ташкент, 1996.
29. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: Рауан, 1992
30. Исин А.Трактовка политической истории Кок-Орды // Вестникуниверстета «Семей». 1997. №1. С. 99-105.
31. Исин А. Әмір Темірге қарсы тұрған қаһармандар (XIV ғасыр соңындағы дулат, жалайыр, қыпшақ, арғын, керейіт көтерілістері) // Абай. 1999. №1. 34-42 б.
32. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 2. Алматы: «Атамұра», 1997. 624 с.
33. История Казахстана в арабских источниках. (СМИЗО Т.І) / Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузеном / Подг. к нов. изд., введ., доп. и комм. Б.Е. Кумекова, А.К. Муминова. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. Т. 1.711 с.
34. Абусейтова М.Х. «Тарих'-и Джахангушай» Джувайни как источник по истории Казахстана // Валихановские чтения. Кокшетау, 1992. С. 186-187.
35. Тулибаева Ж.М. «Улус-и арба-йи Чингизи» как источник по изучению истории Золотой Орды // Золотоордынская цивилизация. Казань, 2011. Вып. 4. С. 79-100.
36. Муминов А.К. Золотоордынская историография: вклад и потенциал историко-биографической литературы // Золотоордынское обозрение. Стоісіеіі ІогІеКеоіеоо. № 1 (3), 2014, С. 79-100.
37. Исин А. Ак-Орда в исследованиях современных медиевистов // Ш.Ш. Уәлиханов мұрасы әлемдік тарих контекстінде. Халықаралық ғылыми форумы материалдары. Семей, 2010. С. 41-46.
38. Тулибаева Ж.М. Улус Урус-хана //Взаимодействие мировых цивилизаций: история и современность. Сборник статей участников IX Московской научной конференции. Москва, РУДН, 23 мая 2008 г. М.: Изд-во РУДН, 2008. С. 225-233.
39. Ускенбай К.З. Восточный Дашт-и Кыпчак в составе Улуса Джучи в XIII - первой трети XV века. Аспекты политической истории Ак-Орды. Автореф. дисс. ... канд. ист. наук. Алматы, 2003. 28 с.

40. Ускенбай К.З. Статус Джучидов Ак-Орды и их государственность // Эволюция института власти в древней, средневековой и новой истории Казахстана и сопредельных государств. Материалы Междунар. науч.-теор. конф., г. Алматы, 2 июня 2016. Алматы, 2016
41. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (тарихи-сараптамалық зерттеу). Астана: «Ел орда», 2004. 344 б.
42. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу. Алматы: Тарих тағылым, 2010. 728 б.
43. Джучи: личность, эпоха, память. Сборник научных статей / Отв. ред. А. К. Кушкумбаев. Алматы, 2020. 328 с.
44. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. - Алматы: Жалын, 1993
45. Гумилёв Л. Н. Древняя Русь и Великая степь. — М.: Астрель, 2012.
46. Соловьёв С. М. История России с древнейших времён: в 6 кн. — СПб.: Товарищество «Общественная польза», 1851—1879.
47. Фахрутдинов Р. Г. – Золотая Орда и ее наследие . Набережные Челны, 1993.
48. Кәрібаев Б. Б. – Қазақ хандығының құрылу тарихы . – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014
49. Қозыбаев М. К. – Тарих зердесі. 2 томдық. – Алматы: Ғылым, 1998.
50. З. Қинаятұлы З. Жошы ханның өлімі және тарихтан оның алатын орны // Отан тарихы. - 2012.

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ АЛТЫН ОРДА

**Сейтмағанбетова Жазира Тоқтарқызы**

гуманитарлық ғылымдар магистрі,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің

Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі

[sssaggitarius@mail.ru](mailto:sssaggitarius@mail.ru)

***Аннотация.** Алтын Орда (Жошы Ұлысы) мемлекеті тарихы бүгінгі күнге дейін ұлттық тарихнамamızда ең аз зерттелген тақырыптардың бірі болып табылады. Отандық тарихнамада Қазақ хандығының түпкі бастауы, негізі ретінде Алтын Орда емес, кеңестік тарихнамада ойдан құрастырылған Ақ Орда мемлекеті саналды. Мақалада ортағасырлық Алтын Орда мемлекетінің кеңестік тарихнамадан шығып қалу тарихы, себеп-салдары талданады. Ғылыми жұмыста Ш. Уәлиханов жазбаларынан бастап, кеңестік тарихнама кезеңіндегі еңбектерде «Алтын Орда», «Ақ Орда» терминдері мағынасы, семантикасы қалай өзгергені көрсетіледі. Атап айтқанда, 1943 жылы жарыққа шыққан «Қазақ КСР көне заманнан бүгінге дейінгі тарихы» атты еңбектің Кеңес үкіметінің идеологиялық қысымына түсуі, отандық тарихнамада Қазақ хандығының негізі, бастауы ретінде түсіндіретін «Алтын Орда» концептінің орнына ойдан құрастырылған «Ақ Орда» концепті алмастырады.*

*Сондай-ақ, мақала авторы «Алтын Орда» және «Ақ Орда» атаулары, шын мәнінде мемлекет атаулары емес, бұл Жошы Ұлысы билеушісі - ханның резиденциясын белгілейтін атау - термин бай фактологиялық негізде екенін дәлелдейді.*

***Кілт сөздер:** Алтын Орда, Ақ Орда, тарихнама, Ш. Уәлиханов, Орда-Ежен, Натанзи, В.П. Юдин, шежіре, Жошы Ұлысы, Қазақ хандығы*

## ЗОЛОТАЯ ОРДА В ИСТОРИОГРАФИИ КАЗАХСТАНА

Сейтмаганбетова Жазира Токтаровна  
магистр гуманитарных наук,  
официальный представитель Департамента Агентства РК  
по делам государственной службы по Акмолинской области  
[sssaggitarius@mail.ru](mailto:sssaggitarius@mail.ru)

**Аннотация.** История государства Золотая Орда (Улус Джучи) до сих пор является одной из наименее изученных тем в нашей национальной историографии. В отечественной историографии коренным началом Казахского ханства считалась не Золотая Орда, а вымышленное в советской историографии государство Ак Орда. В статье анализируется история, причины и последствия выведения средневекового государства Золотая Орда из советской историографии. В научной работе показывается, как менялись значения, семантика терминов «Золотая Орда», «Ак Орда» в трудах периода советской историографии, начиная с сочинений Ш. Уалиханова. В частности, выход в 1943 году работы под названием «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» под идеологическим давлением советского правительства заменяет вымышленный концепт «Ак Орда», интерпретируемый в отечественной историографии как основа, начало Казахского ханства.

Также автор статьи утверждает, что названия «Золотая Орда» и «Ак Орда» на самом деле не являются названиями государств, это имя, обозначающее резиденцию правителя Улуса Джучи, то есть хана, и что этот термин основан на богатой фактологической основе.

**Ключевые слова:** Алтын Орда, Ак Орда, историография, Ш. Уалиханов, Орда-Ежен, Натанзи, В.П. Юдин, шежире, Улус Жучи, казахское ханство

## THE GOLDEN HORDE IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN

Seitmaganbetova Zhazira Toktarovna,  
Master of Humanities,  
Official representative of the Department of the Agency  
of the Republic of Kazakhstan for Civil Service Affairs  
in the Akmola region  
[sssaggitarius@mail.ru](mailto:sssaggitarius@mail.ru)

**Abstract.** The history of the Golden Horde (Jochi Ulus) still remains to be one of the least studied topics in the national historiography. In national historiography, it was not the Golden Horde that was considered the root of the Kazakh Khanate, but the fictional Ak Orda (White Horde) state created in Soviet historiography. The article analyzes the history, causes and consequences of erasing the medieval Golden Horde state from Soviet historiography. The work shows how the meanings and semantics of the terms "Golden Horde" and "Ak Orda" have changed in the works of the Soviet period historiography, starting with the writings of Sh. Ualikhanov. In particular, the publication in 1943 of a work entitled "The History of the Kazakh SSR from ancient times to the present day", under the ideological pressure of the Soviet government, replaces the fictional concept of "Ak Orda", interpreted in national historiography as the basis, the beginning of the Kazakh Khanate.

The author of the article also claims that the terms "Golden Horde" and "Ak Orda" are not actually the names of states, rather the terms denoting the residence of the ruler of the Jochi Ulus, that is, the khan, and that the term is based on a rich factual basis.

**Key words:** Golden Horde, Ak Orda (White Horde), historiography, Sh. Ualikhanov, Orda-Yezhen, Natanzi, V.P. Yudin, shezhire, Jochi Ulus, Kazakh khanate.

Қазақстанның тарих ғылымы туралы сөз қозғағанда, кеңес заманынан бастап Қазақстанда Ұлттық тарих тұжырымдамасы пайда болғанын атап өту керек. Онда «Ақ Орда» (Орда Ежен ұлысы) «Қазақ хандығының» түп бейнесі (прототипі) ретінде қарастырылды, сонымен қатар, Алтын Орда туыстас, алайда шетелдік мемлекет деп саналды. Бұл дәстүрдің қалай пайда болғанын түсіну үшін, алдымен мәселенің тарихнамасын, түрлі дереккөздерді және бұл дәстүр пайда болған әлеуметтік-саяси жағдайларды қарастыру қажет.

Осы жерде Алтын Ордаға қатысты Шоқан Уәлихановтың өз жазбаларында қалдырған ой-пікірлері мен ғалымның (Ш. Уәлихановтың - Ж.С.) кейін кеңестік кезеңде жарыққа шыққан шығармалар жинағында редакторлар тарапынан білдірілген пікірлер арасындағы айырмашылықтар аса көрнекі мәнге ие екенін атап өту керек.

Мәселен, Шоқан Уәлиханов: *«Қырғыздар дәстүрлері бойынша өздерін Алтын Орда татарларының ұрпақтарымыз деп санайды»* [1, 163] деп жазды. Шоқан Уәлихановтың дүниеден озғанынан бір ғасырдан аса уақыт өткен соң пікір білдірушілер: *«Өздерін Алтын Орданың ұрпағы деп қазақтар емес, тек Шыңғыс ұрпақтарының әлеуметтік тобы ғана санайды»* [1, 369], - деп жазады.

Осыған қарағанда, бұл жөнінен кеңестік кезеңіндегі пікір білдірушілер (1980-ші жылдардағы) ХІХ ғасырдағы қазақтардың замандасынан да жақсы хабардар болса керек. Оған қоса, ары қарай Алтын Орданы суреттей келе, пікір білдірушілер: *«Алтын Ордаға қыпшақ далалары, яғни Жетісуды қоспағандағы Қазақстанның бүкіл аумағы кірді»*, - деп жазады [1, 398]. Егер де істің мәні осындай сипатта болса, қазақтардың ата-бабасы «алтынордалық татарлардың» ұрпақтары болып саналмаса, олар қай жерді мекен етті деген сұрақ түсініксіз болып қала береді. Алайда, көптеген түпдеректер мен қазақ ауыз әдебиетінде қазақтардың Алтын Орда сынды мемлекеттің мұрагері болғанын дәлелдейтін айғақтар жетерлік. Мәселен, ХVІ ғасырдың басындағы автор Ибн Рузбихани: *«тарих сахнасында Шыңғысхан пайда болғаннан бұрынғы кезеңде, қазақ әскерлерін, татар әскерлері деп атаған, ол туралы арабтар мен парсылар атап көрсетеді»*, - деп жазады [2, 35]. Алайда, қазақстандық ресми тарихнамада Алтын Орда *«қазақтардың ата-бабаларының (қыпшақтардың) жерлерін жаулап алған»* бөтен шетелдік мемлекет ретінде қарастырылады.

Ортағасырлық Қазақстан тарихының алғашқы кеңестік парадигмасын құруға Б. Греков пен А. Якубовскийдің [3], 1937 жылы жарық көрген ғылыми монографиясы негіз болды. Осы еңбекте, ортағасырлық айғақтылығы әлсіз Нантанзи атты деректің негізінде, төмендегідей тезистер айтылды:

1. «Алтын Орда мемлекеті Жошы Ұлысы және Көк Ордамен біртекті» [3, 43-44];
2. Қырым, Қазан және Астрахан хандықтары Алтын Орданың мұрагерлері болып табылады [3, 192].

Борис Дмитриевич Греков осыған дейін КСРО Ғылым академиясының Академигі атанды және кейіннен Сталиндік сыйлықтың иегері болды. Бір мезетте оның сөздері Қазақстан тарихнамасына шығарылған үкім болды: Қазақ хандығы «Алтын Орда мұрагерлері» құрамынан ресми түрде шығарылды. 1937 жылдардағы репрессиялар тарихшыларды үрейде ұстады. Санжар Асфендияровтың 1937 жылы атылып кетуі тарихшылар жадында жаңғырып тұр еді. «1937 жылы 29-қыркүйекте «Казахстанская правда» газеті Марксизм-ленинизм Қазақ институты студенттерінің «Тарихшы рөліндегі жапон шпионы» атты хатын жариялады. Онда Санжар Асфендияров «миссионер Алтынсарин мен патша жендеті Уәлихановты әспеттеп, қазақ халқының тарихын хандарды ұлықтаумен алмастырды», - деп айыпталды [4].

Кейін, Ыбырай Алтынсарин мен Шоқан Уәлиханов қазақстандық тарих ғылымының жағымды кейіпкерлеріне айналды, алайда 1937 жылдың сабағы жақсы сақталып қалған еді. Ұлттық тарихты ұлықтаудың кез келген әрекеті ату жазасымен аяқталуы мүмкін еді. Бұл

ретте Ермахан Бекмахановтың қудалануын, сондай-ақ Қ.И. Сәтбаевтың Едіге эпосын зерттегені үшін қудаланып, 1951 жылы Қазақстан КП(б) ОК хатшысы Ж. Шаяхметовке және ЖКП(б) ОК хатшысы М.А. Суловқа хат жазу арқылы республикалық және бүкіл кеңестік билік алдында ақталуға мәжбүр болғанын еске алуға болады [5, 132-150].

Татарстанда осы эпосты жариялағаны үшін Н. Исанбеттің де қудаланғаны назар аударарлық жағдай [6, 199]. Кеңестік кезеңде Татарстанда Алтын Орда тарихын зерттеу мен насихаттауға тырысқан ғалымдар мен зиялы қауымның қалай қуғындалғаны жайында Д.М. Исхаков жақсы суреттейді [6, 194-205]. Мұхтар Әуезовтың немере қарындасы, Кеңестік кезеңде Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаев екеуінің жұбайлары орыс ұлтынан болғандықтан ғана қуғындаудан аман қалғандарын айтады [7, 217]. И.В. Ерофееваның пікірінше кеңестік ресми тарих талғамының жиі өзгеріп тұруы салдарынан қазақстандық тарихшылардың көбі «өздерінің тарихи көзқарастарын» түпкілікті өзгертті, не болмаса қауіпті тақырыптарды ғылыми сараптаудан саналы түрде аулақ болды [8, 138-139]. Осындай қауіпті тақырыптардың бірі – Алтын Орда болды.

1943 жылы «Қазақ КСР көне заманнан бүгінге дейінгі тарихы» атты еңбек жарық көрді [9]. Осы кітаптың «Моңғол шапқыншылығы және Алтын Орда кезеңіндегі Қазақстан» атты тарауында алғаш рет Ақ Орда Қазақ хандығының негізін қалаушы деген тезис айтылды: «Алтын Орда құрамынан бөлініп шыққан иеліктердің қатарында Ақ Орда болашақ Қазақ хандығының тарихымен неғұрлым тығыз байланысты болды. Ақ Орданың астанасы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласы болды. XIV ғасырдың басында Тоқты хан қайтыс болғаннан кейін, Ақ Орданың жеке хандық ретінде бөлінуі орын алды. Ақ Орданың алғашқы ханы Сасы-Бұқа мемлекетті әлі де Алтын Орда хандарының вассалы ретінде биледі» [9, 132].

Осы тұста, 1937 жылы Б. Греков пен А. Якубовскийдің Ақ Орданы Орда Еженнің ұлысы деп көрсеткен нұсқасы үстемдік еткенін атап өткен жөн. Алайда, 1960-жылдардың басында М.Г. Сафарғалиев пен А.Г. Федоров-Давыдов еңбектерінен кейін кеңестік тарихнамада Орда Еженнің ұлысы – бұл Көк Орда деген пікір басым бола бастады. Бұл пікір 1980-жылдары В.П. Юдиннің Өтеміс-қажы деректерін ғылыми айналымға енгізгеннен кейін қосымша дәйектемеге ие болды. Демек, кеңестік тарихнамада Ақ Орда мен Көк Орданың орналасу парадигмасы өзгерді, алайда Қазақстан үшін бұл өзгеріс елеусіз болып қалды.

1969 жылы Г.Ф. Дахшлейгер: *«Ақ Орда өзінің құрамы жағынан, көбіне қазақтікі болды, бірақ халықтың атауы кейін анықталып, деректерге енді»*, -деп жазады [10, 99].

Ақ Орда жайындағы тезис кейіннен 1970- жылдардың аяғы – 1980-жылдардың басында жарық көрген «Қазақстан тарихының» 5-томдық басылымында көрініс тапты. Онда «Іс жүзінде XIII ғасырдың ортасынан бастап Орда-Еженнің ұлысы дербес мемлекетке айналып, шығыс деректерінде Ақ Орда деген атқа ие болды» [11, 129] делінген.

1990-жылдары жаңадан жарық көрген Қазақстан тарихының бес томдығында: «Алтын Ордада негізінен Батый ханның ұрпақтары, ал Ақ Ордада Орда Еженнің ұрпақтары билік етті» [12, 104], - деп жазылған болатын.

Одной из форм проявления советского патриотизма явилось всенародное движение за создание Фонда обороны страны.

В 1941 году в Акмолинскую область стали прибывать эвакуированные предприятия. Решение вопроса о размещении и организации выпуска военной продукции потребовало исключительного напряжения и сил.

За очень короткие сроки все передислоцированные предприятия перестроили свое производство на выпуск продукции оборонного значения. Золотой запас страны пополнял и «Каззолото» в г. Степняк. К концу 1941 года в Кокшетау прибыли первые эшелоны завода швейных машин из Подольска, в 1942 году в Макинку прибыли первые эшелоны эвакуированного завода поршневых колец имени В. И. Ленина из города Мичуринска Тамбовской области. Все они выпускали продукцию военного назначения, которая поставлялась на фронт. Население так же активно участвовало в сборе средств на вооружение, это движение приобрело истинно всенародный характер. На деньги акмолинцев строились танки и самолеты, широко развернулось и подарков для Красной



армии. Со станций отправлялись вагоны с продовольственным подарком для фронта. Всего за годы войны фронтовикам было отправлено 120 вагонов с подарками, а через почтовые отделения отправлялись многочисленные индивидуальные посылки. Согласно документам с фондов Государственного архива Акмолинской области: «В 1942 году со станции Акмолинск отправился тяжело груженный состав из 24 вагонов с продовольственными подарками для воинов Ленинградского фронта: 30 тонн муки, 25 тонн крупы, 3 тонны свиного сала, свыше 3 тонн сливочного масла, 18 тонн сухарей, 1,5 тонны сахара и конфет». В Ленинграде состоялась трогательная встреча посланцев с воинами земляками 310 стрелковой дивизии.

Начало войны в 1941 году потребовало больших усилий от народа и мобилизации всех отраслей для защиты Родины.

В стране в соответствии с Приказом Наркомздрава СССР от 30 июля 1941 года началась работа по подготовке развертывания эвакуированных госпиталей для приема раненых военных. Уже в октябре 1941 года эвакогоспитали на территории Казахстана начали принимать раненых бойцов с фронта. Раненых принимали госпитали в Северо-Казахстанской, Карагандинской, Акмолинской, Павлодарской, Южно-Казахстанской областях.

На территории Акмолинской области эвакогоспитали работали в городах Акмолинск, Кокшетау, а также в Атбасарском, Аккольском, Щучинском районах.

В Акмолинске для размещения эвакогоспиталей были подготовлены: военный городок, железнодорожная больница, здание детского сада желдорстанции, городского театра, в новом здании почты рядом с горбольницей; Аккольский дом отдыха строителей; в Щучинске, в Атбасаре сборные пункты также были готовы принять раненых с фронта.

Согласно направленной в Акмолинский обком партии информации Политотдела строительства о работе по ремонту и оборудованию госпиталя на станции Акколь, 24 ноября 1941 года госпиталь, находящийся на станции Акколь, был полностью готов для приема раненых бойцов и командиров РККА, что говорит о быстрой и оперативной работе по подготовке эвакогоспиталей. Уже 25 ноября 1941 года в Акколь прибыл командный состав для приемки госпиталя.

Кроме того, были выделены жилплощадь для работников госпиталя и помещение для Красного уголка.

Казпедучилище в Кокшетау взяло шефство над военным эвакогоспиталем № 2396.

Из средств зарплаты за декабрь 1941 года был создан фонд для организации подарков, выделены средства на подписку одной газеты на год, покупку мебели и оборудования.

В Боровом (ныне Бурабай) организован госпиталь № 4110 на базе дома отдыха ЦК профсоюза Угольщиков.

Коллектив треста «Каззолото» по своей инициативе взял шефство над Щучинским военным госпиталем. Инициативу поддержал горком партии и областной комитет Союза золотоплатиновой промышленности. Коллектив «Каззолото» в феврале 1942 года подготовил подарок госпиталю в виде продуктов, музыкальных инструментов, аппаратуры и книг. Также состоялся концерт для раненых, посвященный 24-годовщине Рабоче-Крестьянской Красной Армии.

В Щучинске, помимо госпиталя для раненых солдат Красной армии, организован госпиталь для военнопленных под № 1054. Он размещался в железнодорожном клубе, тогда как в здании железнодорожной больницы проходили лечение туберкулезные больные. По воспоминаниям конвоира в охране от НКВД Гнетова И.П., который охранял госпиталь № 1054, военнопленных привозили не только с линии фронта, но и из госпиталей соседних областей, из лагерей для военнопленных. При транспортировке усиливали охрану, так как боялись нападения на них со стороны местных жителей. Среди пленных в основном были солдаты, офицеры старались не показывать свой чин.

Осенью 1941 года в Кокшетау работали 3 эвакогоспиталя под №№ 2396, 2447, 3604 по приему раненых солдат. Госпиталь № 3604 принимал раненых военнопленных. Госпитали №№ 2396 и 2447 были эвакуированы из Белоруссии.

Во время войны на территории Кокшетау не было больших зданий, подходящих для эвакогоспиталей, поэтому их корпуса располагались в разных небольших одноэтажных зданиях.

К числу сохранившихся зданий госпиталей относится здание ныне действующего музея истории города Кокшетау, расположенное на улице Канай би, 32.

Раненых привозили в поездах на станцию, где их ждали телеги, повозки, запряженные лошадьми. Далее их распределяли по разным корпусам, в зависимости от степени тяжести ранений. В госпиталях из-за нехватки медицинского персонала работали в основном местные женщины.

В истории Кокшетау известны имена людей, которые работали в госпиталях города, спасая жизни раненых солдат и офицеров: начальник одного из госпиталей Яковлев С.А., врач Пришлецов Д.Г., медицинские сестры Тарасова М., Гординенко Л., Ключева Е., Молоткова М., Зинина Г. Многие из них после окончания войны остались работать в больницах. К примеру, Молоткова Мария после войны получила высшее образование и долгие годы проработала врачом-невропатологом в городе Кокшетау.

Большое количество солдат и офицеров было доставлено с серьезными ранениями в Кокшетау с линий фронта. Раненые солдаты после выздоровления снова отправлялись на фронт. Но были и те, которых не удалось спасти, хоронили их на кладбище, расположенном в северо-западной части города у подножья сопки Букпа, в районе Бармашино.

В свое время Военно-медицинский музей Министерства Обороны СССР оказал большую помощь в деле выяснения имен солдат, скончавшихся в эвакогоспиталях №№ 2447 и 2396 и захороненных на старом кладбище микрорайона Бармашино:

- 1) Гончаров П.Т., сержант;
- 2) Андреев И.С.;
- 3) Биденков И.М., 1913 г.р., стрелок;
- 4) Одноруков А.К., 1896 г.р., рядовой;
- 5) Богородский Ф.П., 1902 г.р., рядовой, связист;
- 6) Кушмагамбетов Аспан, 1916 г.р., рядовой, стрелок;
- 7) Павлов А.П., 1917 г.р., минометчик;
- 8) Малюгин В.Н., 1892 г.р., капитан, нач.арт.тех.снаб.;
- 9) Могила Н.М., 1912 г.р., рядовой, ездовой;
- 10) Отобаев Абельда, 1902 г.р., рядовой стрелок;
- 11) Гераскин Е.И., 1899 г.р., рядовой стрелок;
- 12) Жангазиев Акуп, 1910 г.р.;
- 13) Коротков В.С., 1911 г.р.;
- 14) Соломаха А.;
- 15) Карпов В.К., 1911 г.р.;
- 16) Попович В.Г.;
- 17) Карпов В.И. 1923 г.р.;
- 18) Старовойтов П.Г.;
- 19) Якушев М.Т.;
- 20) Гулькин Л.Ф.

В данном документе под названием «Именной список» указаны и адреса родственников некоторых погибших солдат.

В послевоенное время в 1950-1960 гг. участников войны хоронили на кладбище у сопки Букпа. Там же похоронен участник Великой Отечественной войны, Герой Советского Союза, уроженец ныне Астраханского района Глинин Ф.Ф.

Сегодня «Братская могила воинов Великой Отечественной войны, умерших от ран в госпиталях города», бюст Героя Советского Союза Глинина Ф.Ф. являются памятниками историко-культурного наследия Акмолинской области. Рядом с братской могилой, в 1960 году, была установлена статуя солдата в память о погибших в госпиталях Кокшетау воинах.

Широко отражен вклад жителей региона в победу в Великой Отечественной войне в документах, фондах Государственного архива Акмолинской области, Акмолинского историко-краеведческого музея, в фондах музея истории города Кокшетау и музея Малика Габдуллина, которые свидетельствуют о героическом подвиге, совершенном нашими земляками на фронте и в тылу.

### Список литературы:

1. Сборник документов и материалов о Великой Отечественной войне. Все для фронта, Все для Победы, редактор Качковский В.И. Астана, 2005.
2. Соғыс. Жеңіс. Естелік. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы туралы құжаттар мен материалдар жинағы. Көкшетау, 2020.
3. ГААО. Ф.П-1. Оп.1. Д. 162. Л. 107.
4. ГААО. Ф.П-1. Оп.1. Д. 353. Л. 7.
5. ГААО. Ф.П-3272(32). Оп.1. Д.524. Л.9.
6. ГААО. Ф.П-1. Оп.1. Д. 353. Л. 7.
7. ГААО. Ф.П-3447 (912). Оп. 1. Д. 34. Л. 34.
8. Акмолинская область. История, события, люди. Альманах «Кокшетау», 2007.
9. Сборник документов «Никто не забыт, ничто не забыто». Кокшетау, 2020.
10. Историко-культурное наследие Акмолинской области: Свод памятников. Алматы, НИПФ РГП «Казреставрация», 2008.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ САЯСИ ДИСКУРСЫНДАҒЫ «ӘДІЛЕТТІЛІК», «ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІК» ЖӘНЕ «ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ» КАТЕГОРИЯЛАРЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ МЕН ПРОБЛЕМАСЫ

Мухамеджанова Жадра Молдағалиевна  
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті  
[ZhMukhamedzhanova@shokan.edu.kz](mailto:ZhMukhamedzhanova@shokan.edu.kz)

**Аннотация:** Бұл мақалада Қазақстанның қазіргі саяси дискурсында маңызды орын алатын «әділеттілік», «әлеуметтік әділеттілік» және «әлеуметтік мемлекет» ұғымдарының теориялық негіздері мен өзара байланысы қарастырылады. Автор аталған категориялардың саяси және әлеуметтік жүйедегі орны мен мәнін саралап, оларды іске асырудағы негізгі мәселелерді көрсетеді. Бұл ұғымдар әділетті қоғам құрудың тірек тетіктері ретінде ұсынылады.

**Түйінді сөздер:** әділеттілік, әлеуметтік әділеттілік, әлеуметтік мемлекет, саяси дискурс, әлеуметтік саясат, Қазақстан.

Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап әлеуметтік мемлекет құру жолын таңдады. Ел Конституциясында Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітті. ХХІ ғасырдағы жаһандану процесі, әлеуметтік және

саяси трансформациялар мемлекеттердің жаңа басқару үлгілерін іздеуіне себеп болды. Қазақстанда да бұл үрдіс ерекше маңызға ие. Соңғы жылдары елімізде жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік реформалар аясында әділеттілік ұғымы басты құндылықтардың біріне айналды. Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы осы категорияны мемлекеттік идеологияның іргетасы ретінде белгілеп отыр. Осы орайда, «әділеттілік», «әлеуметтік әділеттілік» және «әлеуметтік мемлекет» ұғымдарының өзара байланысын ғылыми тұрғыда талдау өзекті мәселе болып табылады. Соңғы жылдары қоғамда әділеттілік пен әлеуметтік теңдікке деген сұраныс күшейіп келеді. Бұл, әсіресе, «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы жарияланғаннан кейін саяси дискурстың маңызды бағытына айналды. Осы тұжырымдама аясында әділеттілік пен әлеуметтік әділеттілік ұғымдары нақты саяси шешімдер мен реформалардың негізі ретінде алынып отыр. Бұл категориялар әлеуметтік саясаттың өзегіне айналып, халықтың билікке деген сенімін арттырудың негізгі тетіктерінің біріне айналууда. Дегенмен, олардың мазмұнын дұрыс түсіну және тиімді жүзеге асыру белгілі бір теориялық және практикалық қиындықтармен бетпе-бет келіп отыр.

Әділеттілік – адамзат өркениетінің барлық кезеңінде басты моральдық-этикалық және құқықтық принциптердің бірі ретінде қалыптасқан ұғым. Оның мазмұны тарихи, мәдени және философиялық дәстүрлерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Джон Ролз өзінің «Әділеттілік теориясы» атты еңбегінде әділеттілікті қоғамдық жүйенің ең маңызды қағидасы ретінде қарастырады. Ол әділеттілікті теңдік пен еркіндіктің үйлесімі ретінде сипаттайды. Қазақстанның саяси жүйесінде әділеттілік ұғымы соңғы жылдары ерекше маңызға ие болуда. Әділеттілік дегеніміз – азаматтардың құқықтарының теңдігі, заң алдындағы теңдік, билік құрылымдарының ашықтығы мен есептілігі, және ең бастысы — халықтың мемлекетті басқаруға қатысу мүмкіндігі.

Әлеуметтік әділеттілік – бұл әлеуметтік ресурстар мен мүмкіндіктердің әділ бөлінуі, табыстар мен қызметтердің теңдей таралуы, әлеуметтік қолдау механизмдерінің тиімділігі. Бұл ұғым Ролз, Маршалл, Сен секілді теоретиктердің еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Әлеуметтік әділеттілік әлеуметтік мемлекеттің басты міндеттерінің бірі ретінде танылады. Қазақстанда әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету бағытында бірқатар бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда:

- аз қамтылған отбасыларды қолдау,
- көпбалалы аналарға жәрдемақы беру,
- медициналық және білім беру қызметтерін цифрландыру арқылы қолжетімді ету,
- өңірлер арасындағы дамудағы айырмашылықтарды азайту.

Алайда, осы саясаттардың тиімділігіне қатысты қоғамда сын пікірлер де бар. Мысалы, жәрдемақылардың мөлшерінің жеткіліксіздігі, тұрғын үй мәселесінің шешілмегені, және кейбір мемлекеттік бағдарламалардың формалдылығы — әлеуметтік әділеттілік қағидасының іске асуын қиындататын факторлар.

Әлеуметтік мемлекет – бұл халықтың әл-ауқатын арттыруды, әлеуметтік теңдік пен әділеттілікті қамтамасыз етуді мақсат ететін мемлекет моделі. Мұндай мемлекетте мемлекет азаматтарға тек құқық беріп қана қоймай, олардың өмір сапасын арттыру үшін нақты жауапкершіліктер алады. Қазақстан әлеуметтік мемлекет ретінде денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және жұмыспен қамту салаларында бағдарламалар жүргізіп келеді. Дегенмен, әлеуметтік мемлекеттің қағидалары іс жүзінде толық жүзеге аспай отыр. Мысалы: аймақтық теңсіздік мәселесі әлі де өзекті, әлеуметтік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі кейде төмен, мемлекеттік қызмет көрсету жүйесінде формализм мен бюрократия кең таралған.

Үш категорияның өзара байланысы мен проблемалық тұстарын қарастыратын болсақ, әділеттілік, әлеуметтік әділеттілік және әлеуметтік мемлекет ұғымдары өзара тығыз байланысты. Әділеттілік – жалпы моральдық-этикалық қағида ретінде барлық саяси және құқықтық қатынастардың негізін құрайды. Әлеуметтік әділеттілік – осы қағиданың қоғам өміріндегі нақты көрінісі. Ал әлеуметтік мемлекет – бұл қағидаларды жүзеге асыратын

институционалдық тетік. Ал, Қазақстанда бұл категориялардың өзара байланысы толық түрде жүйеленбеген. Әділеттілік туралы жиі айтылғанымен, оның нақты мазмұны мен көрсеткіштері белгісіз күйде қала береді. Мемлекеттік бағдарламаларда әлеуметтік әділеттілік қағидасы жиі ескерілмей, формализмге ұрынады. Әлеуметтік мемлекеттің өзі көбінесе декларативті сипатта қалып, шынайы әлеуметтік қажеттіліктерге толық жауап бере алмай отыр. Бұған қоса, азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігі, қоғамдық бақылау механизмдерінің әлсіздігі және мемлекеттік шешім қабылдау үдерісінің ашық болмауы – бұл категориялардың тиімді өзара әрекеттесуіне кедергі келтіреді.

Қазақстан қазіргі кезеңде әлеуметтік мемлекет пен әділетті қоғам құру жолында ауқымды реформалар жүргізіп келеді. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасы – бұл бағыттағы басты бағдар ретінде қарастырылуда. Алайда әділеттілік, әлеуметтік әділеттілік және әлеуметтік мемлекет ұғымдарының толық әрі үйлесімді іске асуы үшін тек заң қабылдау жеткіліксіз. Бұл үшін: аталған ұғымдардың нақты мазмұны мен іске асыру механизмдері заңнамалық және бағдарламалық құжаттарда нақты көрініс табуы керек; билік пен халық арасындағы сенім мен кері байланыс күшеюі қажет; азаматтық қоғам белсенділігін арттыру, қоғамдық бақылау мен сараптамалық қолдау жүйесін дамыту маңызды. Алайда, олардың тиімді жүзеге асуы үшін нақты саясат, шынайы қоғамдық диалог, есеп беретін және ашық билік жүйесі, сондай-ақ азаматтық белсенділіктің артуы қажет. Саяси дискурс тек идеологиялық құрал ғана емес, сонымен қатар нақты әрекеттерге бастайтын құрылым болуы тиіс. Осылайша ғана Қазақстан шын мәнінде әлеуметтік әділетті, инклюзивті әрі тұрақты қоғамға айнала алады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ролз Дж. Теория справедливости. — М.: Идея-Пресс, 2007.  
- Аннотация: Бұл еңбекте әділеттілік қоғамдық құрылымның негізі ретінде қарастырылады. Ролз «әділеттілік — теңдік және еркіндіктің үйлесімі» деген тұжырым ұсына отырып, әлеуметтік әділеттіліктің теориялық моделін сипаттайды.
2. Маршалл Т. Х. Гражданство и социальный класс. — М.: Канон+, 2011.  
- Аннотация: Әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу тарихын зерттей отырып, автор азаматтық құқықтар мен әлеуметтік әділеттілік арасындағы байланыстарды айқындайды.
3. Сен А. Развитие как свобода. — М.: Новое издательство, 2010.  
- Аннотация: Амартия Сен адамның дамуы мен әлеуметтік әділеттілік ұғымдарын байланыстыра отырып, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің маңызын ашып көрсетеді.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Астана, 1995.  
- Аннотация: Конституция — Қазақстандағы әлеуметтік мемлекеттілік қағидаларын құқықтық тұрғыдан бекітетін негізгі құжат. Мұнда мемлекет міндеттері, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары көрсетілген.
5. Президент Тоқаев Қ.Ж. «Әділетті Қазақстан — Адал Азамат — Берекелі Қоғам» жолдауы, 2023 жыл.  
[16:07, 21.04.2025] ChatGPT: - Аннотация: Бұл Жолдауда Президент әлеуметтік әділеттілік пен заң үстемдігін нығайтудың жаңа бағытын ұсынды. Саяси реформалар мен әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету мәселелері қамтылған.
6. Кеңес Ғ.М. Әлеуметтік мемлекет және оның қазақстандық үлгісі // Қоғам және дәуір, 2021. №2.  
- Аннотация: Мақалада Қазақстандағы әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу жолы, жетістіктері мен кемшіліктері ғылыми сараптамаға түседі.

## ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

**Сағатов Данат Ержанұлы**

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті» Кеақ

[dddanatt@mail.ru](mailto:dddanatt@mail.ru)

**Сағатов Данат Ержанұлы**

НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова»

[dddanatt@mail.ru](mailto:dddanatt@mail.ru)

**Sagatov Danat Erzhanovich**

NJSC «Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov»

[dddanatt@mail.ru](mailto:dddanatt@mail.ru)

**PhD Шукеева Айнұр Таласбековна**

«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті» Кеақ

[ainur\\_shukeeva@mail.ru](mailto:ainur_shukeeva@mail.ru)

**PhD Шукеева Айнұр Таласбековна**

НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова»

[ainur\\_shukeeva@mail.ru](mailto:ainur_shukeeva@mail.ru)

**PhD Шукеева Айнұр Таласбековна**

NJSC «Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov»

[ainur\\_shukeeva@mail.ru](mailto:ainur_shukeeva@mail.ru)

**Аңдатпа:** Бұл мақалада Қазақстандағы ұлттық құрамның терең өзгерістері аясында қалыптасқан этностық қатынастар қарастырылады. Зерттеу барысында 2012 жылдың қараша айында Қазақстанның ірі қалаларында жүргізілген әлеуметтік көңіл-күй мониторингінің нәтижелері негізге алынды. Автор халықтың этникалық құрамы, көші-қон үдерістері және иммиграция мәселелеріне талдау жасап, олардың елдегі этносаралық қатынастарға ықпалын сипаттайды.

**Түйін сөздер:** демография, этнос, көші-қон, иммиграция, этносаралық қатынастар.

**Аннотация:** В статье анализируются процессы трансформации межэтнических отношений в Казахстане в контексте значительных изменений в этнодемографической структуре населения. Особое внимание уделяется результатам социологического мониторинга общественного настроения, проведенного в ноябре 2012 года в крупных городах страны.

**Ключевые слова:** этнодемографическая динамика, этнические группы, миграционные процессы, иммиграционные потоки, межэтническое взаимодействие.

**Annotation:** The article analyzes the processes of transformation of interethnic relations in Kazakhstan in the context of significant changes in the ethnodemographic structure of the population. Special attention is paid to the results of the sociological monitoring of public sentiment conducted in November 2012 in major cities of the country.

**Keywords:** ethnodemographic dynamics, ethnic groups, migration processes, migration flows, interethnic interaction.

XX ғасырдың басына дейін қазақтар Қазақстан халқының басым бөлігін құраған. Алайда ұлттық құрамдағы алғашқы елеулі өзгерістер Столыпин реформасы кезеңінде орын алды. Бұл кезеңде қазақ жеріне қоныс аударған орыс және украин халқының үлесі едәуір артты. Сонымен қатар Қазақстан аумағына өзге де этностар өкілдері қоныстана бастады. Мысалы, революцияға дейін Қостанай уезінде оннан астам неміс ауылдары пайда болды:

Безобразовка, Давыдовка, Александрополь, Озерное, Надеждинка, Семеновка, Крамской, Суриковский, Шишкинский, Придорожное, Степной, Шұңқыркөлжәнебасқалар [Кригер, 1991].

1911 жылға қарай қазақтардың жалпы халық санындағы үлесі 67,2%-ға дейін төмендеді. 1930-жылдардан бастап Қазақ АССР-ы байырғы халқы азшылықты құрайтын жалғыз республикаға айналды. Бұл жағдай дәстүрлі өмір салтына кері әсер еткен волонтаристік шешімдердің нәтижесінде қалыптасты. 1930 жылдың басынан 1931 жылдың ортасына дейін Қазақстан аумағынан 281 230 шаруашылық көшіп кетті, олардың басым бөлігі Қытай, Иран және Ауғанстанға қоныс аударды. 1930-жылдардың басындағы ашаршылық пен оған байланысты індеттер, сондай-ақ жоғары табиғи өлім деңгейі қазақ халқына зор шығын әкелді. Нәтижесінде қазақ халқы 2 миллион 200 мың адамын жоғалтты, бұл — жалпы санының шамамен 49%-ын құрады [Қорытынды...1992].

Ашаршылық пен қуғын-сүргін өзге этностардың да санын қысқартты. 1937 жылғы халық санағы деректері бойынша украиндар саны 100 мыңға (11%), орыстар — 85 мыңға (6%), өзбектер — 20 мыңға (8%), ұйғырлар — 10 мыңға (13%), татарлар — 9 мыңға (10%), сондай-ақ немістер (11%), мордва (11%), белорустар (10%), қырғыздар (25%) және дүнгендер (10%) азайған.

Ұлттық құрамдағы өзгерістер Ұлы Отан соғысына дейінгі жылдары да жалғасты. Бұл кезеңде Қазақстанға Батыс Украина, Беларусь және Литвадан поляктар, Қиыр Шығыстан корейлер, ал соғыс жылдары Поволжье, Украина және Кавказдан немістер, сондай-ақ Кавказ халықтары: шешендер, ингуштар, қалмақтар, қарашайлар, түрік-месхетиндер, сондай-ақ қырым татарлары күштеп қоныс аударылды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңінде Қазақстанға Ресей, Украина және Беларусьтен бір миллионнан астам адам көшіп келді. Соның нәтижесінде 1958 жылы қазақтардың үлесі 30%-дан аспады [РГАФ].

2012 жылғы 1 наурыздағы мәлімет бойынша Қазақстан халқының саны 16 718,1 мың адамды құрады. Қазіргі Қазақстан – полиэтносты мемлекет. Республикамызда 120-дан астам этнос өкілдері тұрады [Агенттік, 2002]. Егемендік алған сәтте қазақтар ел халқының азшылығын құрады. Сол кезеңде елдің солтүстік өңірлерінде қазақтар саны өте аз болды, ал орыстар мен орыс тілді тұрғындар басым еді. Сондықтан геосаяси тұрғыдан ел басшылығы посткеңестік кеңістік аясында Ресей Федерациясымен тығыз қарым-қатынас орнатуға басымдық берді.

Соңғы жиырма жылда республикада елеулі өзгерістер орын алды. Қазақстан қоғамының этноұлттық құрылымы өзгеріске ұшырады. Мұндай өзгерістер бір жағынан — қазақ емес халықтардың жаппай көшіп кетуімен, екінші жағынан — Моңғолия, Өзбекстан, Қытай және Ресейден қазақтардың тарихи отанына оралуымен байланысты болды.

Қазақстандағы көші-қонағындары біртұтас кеңестік мемлекет аясында өмір сүріп тұрған кезеңде бастау алған. Бұл үдерістің нақты көріністерінің бірі ретінде 1991 жылғы 25 наурызда Семей облыстық Халық депутаттары кеңесінің Атқару комитеті Қазақ КСР Министрлер Кабинетіне жолдаған хатын атауға болады. Аталған құжатта Моңғолия Халық Республикасынан қазақ ұлты өкілдерін Қазақстанға тұрақты қоныс аударуға шақыру ұсынылған. Хатта бұл бастама тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында емес, еңбек ресурстарының тапшылығы мен мал шаруашылығы саласында кадр жетіспеушілігіне байланысты көтерілгені атап көрсетілген. Атап айтқанда, облыстың көптеген шаруашылықтарында шопан, малшы, жылқышы және механизатор мамандарына деген сұраныс жоғары болған.

Атқару комитеті Моңғолия аумағынан Қазақстанға көшіп келуге ниет білдірген этникалық қазақтарды қабылдау мүмкіндігін қарастыруды сұрады. Осы ұсыныстың нәтижесінде 1991 жылғы 10 шілдедегі мәліметке сәйкес, Қазақстанға 893 отбасы көшіпкелген. Оның ішінде 572 отбасы Талдықорған облысына, 221 отбасы Семей облысына, 47 отбасы Қостанай облысына және 53 отбасы Алматы облысына орналастырылды [Қазақтардың репатриациясы, 2012].

Қазақстандағы көші-қон ахуалын жүйелі түрде түсіну үшін көші-қон саясатына қатысты мемлекет ұстанымдарын қарастыру маңызды. Бұл тұрғыда 2000 жылғы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Көші-қон саясатының тұжырымдамасы маңызды құжат болып табылады. Аталған тұжырымдама да елдегі көші-қон жағдайы келесі негізгі үдерістер арқылы сипатталады:

Аталған факторлардың алғашқысы мен соңғысы өзара байланысты болып келеді және олардың әсері тек иммиграциялық үдерістерге ғана емес, жалпы көші-қон саясатына ықпал етуде.

Сонымен қатар, тұжырымдамада көші-қон саясаты барысында жергілікті халықтың мүдделерін ескеру қажеттілігі де ерекше аталады. Бұл орайда келесі бағытта басшылыққа алынады:

2005 жылы Қазақстанға алыс және жақын шетелдерден 28 239 отбасы (115 146 этникалық қазақ) қоныс аударды. Бұл көрсеткіш — Қазақстанның репатриациялық саясатының тиімді жүзеге асырылғанының нақты дәлелі. Репатрианттардың елге оралуы еліміздің этнодемографиялық құрылымына елеулі ықпал етіп, қазақ халқының үлес салмағын арттыруға септігін тигізді. Сонымен қатар, бұл үдеріс ұлттық бірегейлікті нығайтуға, мәдени байланысты қалпына келтіруге және тарихи әділеттілікті жүзеге асыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланады.

Кенестік дәуірде ел халқының көпшілігі еңбек қызметі арқылы біріктірілген болатын. Қалалардағы тұрғындардың басым бөлігі бір өндірістік кәсіпорындарда еңбек етіп, бірыңғай еңбек ұжымдарының мүшесі болды. Ал ауыл еңбеккерлері де екі-үш онжылдық бұрын колхоздар мен совхоздар құрамында біртұтас шаруашылық жүйесінің бөлігі еді. Бұл жағдай тұрғындар арасында әлеуметтік және этностық бірігудің бір арнада тоғысуына ықпал етті.

Этностық сипаттағы қақтығыстардың туындау ықтималдығын зерттеу мақсатында сауалнамада «Егер қақтығыс сіздің этникалық тобыңыздың мүддесіне қатысты болса, оған қатысар ма едіңіз?» деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа респонденттер келесідей жауаптар берген:

«Бұл жағдайға байланысты» – 42%;

«Ешқашан қатыспаймын» – 35,6%;

«Иә, сөзсіз қатысамын» – 12,4%.

Аталған мәліметтерге сүйенсек, респонденттердің тек үштен бірі ғана этностық қақтығыстың туындау мүмкіндігін жоққа шығарады. Ал халықтың жартысынан астамы этностық шиеленістің туындау қаупіне алаңдаушылықпен қарайды немесе оны мүмкін деп санайды.

Өңірлік талдау нәтижелері этностық қақтығысқа қатысуға дайындық деңгейінің Астана қаласында екі есеге, ал Алматыда 1,3 есеге артқанын көрсетеді. Бұл мәліметтер ірі қалаларда халықтың тығыз шоғырлануы мен көші-қон ағындарының үдемелі сипат алуының белгілі бір деңгейде әлеуметтік қысым тудырып отырғанын аңғартады. Белгілі болғандай, ірі қалаларда («Мәскеу – резеңке емес» деген тіркес тәрізді) төзімділік шегі ауылдық аймақтарға қарағанда төмендеу болуы мүмкін. Себебі, дәстүрлі түрде төзімділік пен сабырлылық қасиеттері ауыл тұрғындарына көбірек тән болған.

Сауалнама барысында респонденттерге «Қазақстанда ашық этносаралық қақтығыстың болуы мүмкін бе?» деген сұрақ та қойылды. Бұл сұраққа жауап бергендердің 59,8%-ы мұндай қақтығыстың болу мүмкіндігін жоққа шығарған. Дегенмен, әр бесінші респондент (шамамен 20%) мұндай жағдайдың орын алуы ықтимал деп есептейді. Айта кетерлігі, ашық этностық қақтығыстың туындауын болжағандар үлесі оңтүстік өңірлерде және Астана қаласында анағұрлым жоғары.

Бұл факторлар этностық шиеленіс ошақтарының әлеуетін алдын ала болжау мен оларды уақытылы шешудің қажеттілігін көрсетеді. Қоғамда терең немесе үстірт қаралатын, көбінесе әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстармен байланысты, этностық сипаттағы наразылықтар пайда болуы мүмкін.



Қазақстанда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан этностар арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсіністік дәстүрі сақталып келе жатқанына қарамастан, қазіргі кезеңде этносаралық шиеленіс қаупі толық жойылды деуге болмайды. Бұл қақтығыстар көбіне әлеуметтік мәселелерге — жұмыссыздық, тұрғын үймен қамтамасыз етілу, әлеуметтік әділеттілікке қанағаттанбау секілді түйткілдерге байланысты туындауы мүмкін. Сондықтан этносаралық тұрақтылықты сақтау мен нығайту мақсатында мемлекет пен азаматтық қоғам институттары бірігіп, кешенді алдын алу шараларын жүргізіп, көпэтносты қоғамда мәдени үйлесімділікті арттыруы тиіс.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ**

1. Кригер В.Э. Социально-экономическое развитие немецкой переселенческой деревни Казахстана (дореволюционный период). Алма-Ата, 1991.
2. Заключение Комиссии Президиума Верховного Совета РК по изучению постановлений КазЦИК и СНК КАССР от 27 августа года “О конфискации байских хозяйств”, от 13 сентября 1928 года “Об уголовной ответственности за противодействие конфискации и выселению крупнейшего и полуфеодалного байства”, от 19 февраля 1930 года “О мероприятиях по укреплению социалистического переустройства сельского хозяйства в районах сплошной коллективизации и по борьбе с кулачеством и байством” // Казахстанская правда. 22 декабря 1992 года. РГАЭ РФ (быв.ЦГАНХ СССР), фонд 1562, опись 336, ед.хр. 1566а -1566д (Распределение населения по национальности и родному языку).
3. Агентство Республики Казахстан по статистике. Численность населения Республики Казахстан по областям на начало 2012 года. URL: <http://www.stat.kz/digital/naselsenie/Pages/default.aspx> (дата обращения 18.09.2013).
4. Репатриация казахов – консолидация народа. Сборник документов Архива Президента Республики Казахстан к 20-летию Всемирной Ассоциации казахов. Алматы, 2012 СААП Республики Казахстан. 2000. №38-39.
5. Указ Президента Республики Казахстан от 17 ноября 2008 года № 690 “О квоте иммиграции оралманов на 2009-2011 годы”//Казахстанская правда. 18.10.2008.
6. Конституция Республики Казахстан. Общие положения. Статья 7. URL: [http://www.constitution.kz/ razdel1/](http://www.constitution.kz/razdel1/) (дата обращения 18.09.2013).
7. Социальные настроения в крупных городах Казахстана. Обзор результатов мониторинга 10-15 сентября 2012 года. Институт Политических Решений. Алматы, 2012.

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК АЙМАҒЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН**

**Хамзин Мирас Габдулмутталапулы** 2 курс магистранты

**Утегенов Марат Зеннатұлы** т.ғ.к., доцент

Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

[mmanashamzin@gmail.com](mailto:mmanashamzin@gmail.com), [Utegenov@inbox.ru](mailto:Utegenov@inbox.ru)

Солтүстік Қазақстан халқының қазіргі этникалық құрамы ұзақ уақыт бойы қалыптасып, бірнеше рет күрделі өзгерістер мен қайта құруларға ұшырады. XIX ғасырдың ортасында-ақ өлке халқының құрамында қазақтар толық басым болатын моноэтникалық дерлік құрам болды. XX ғасырдың басынан бастап, егеменді мемлекет құрылғанға дейін этникалық құрамның динамикасы әртүрлі этностар өкілдерінің тұрақты кеңеюімен, орыс-славян құрамдас бөлігінің басым болуымен және қазақтар үлесінің төмендеуімен сипатталды. Қазіргі зерттеушілер (А.Н.Алексеев, Е.П.Зимовина, Н.В.Алексеев) және бұрынғы зерттеушілер (Е.Бекмаханова, М-А.Х.Асылбеков) халықтың этникалық

құрылымының өзгеруінің негізгі факторы ретінде миграцияны атайды. Сонымен, Н.В. Алексеенко былай деп жазады: «XX ғасырдың аяғынан бастап (1897 жылғы халық санағы), XX ғасырдың соңына дейін (1989 жылғы халық санағы) халық динамикасындағы жетекші этникалық топ орыстар болды. Көрсетілген кезеңде олардың саны 11,2 есеге, қазақтар саны 1,8 есеге өсті, яғни орыстар санының өсу қарқыны 6,2 есе жоғары болды. Қазақстан халқының құрамындағы орыстардың үлесі тез өсіп, 50-жылдардың аяғы- 60-жылдардың басында максимумға жетті.

Солтүстік Қазақстанның этнодемографиялық дамуы жалпы тенденциялармен бірге әрқашанда өзіне тән ерекше белгілері бар. Бүгінгі таңда бұл өңір төрт облыспен ұсынылған -Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан. Солтүстік Қазақстан өңірінде халықтың қоныстануын осындай кезеңдерге бөліп көрсетуге болады:

1. Қазақ этносының дәстүрлі аймағы. XVI-XVIII ғасырлар аралығында Солтүстік Қазақстан Орта жүз қазақтарының негізгі қоныстанған аймағы болды. Бұл өңірде арғын, қыпшақ, найман, керей, уақ рулары көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанды. Олардың дәстүрлі шаруашылығы мал өсіру және жартылай егіншілікпен байланысты болды [1]

2. Ресей империясының отарлау саясаты және қоныс аударушылардың келуі XVIII ғасырдың басында Ресей империясы Солтүстік Қазақстанға казак әскерлері мен бекіністерін орналастыра бастады. 1731 жылы Кіші жүздің Ресей бодандығына өтуімен, ал 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғыдан» кейін Орта жүздің хандық жүйесі жойылып, аймақ Ресей билігіне толығымен өтті [2]. Осы кезеңде аймаққа славян, татар және башқұрт халықтарының көші-қоны артты.

3. XIX ғасырдағы аграрлық көші-қон XIX ғасырдың екінші жартысында патша үкіметі қазақ даласына орыс, украин, белорус шаруаларын жаппай қоныстандыруды бастады. Бұл үдеріс әсіресе Столыпин реформасынан (1906-1912) кейін күшейді. Столыпин реформасы нәтижесінде Қазақстанға 1 миллионнан астам адам көшіп келді. Осылайша, солтүстік аймақтағы қазақтардың үлесі айтарлықтай төмендей бастады. [3]

4. Кеңестік кезеңдегі халық құрамының өзгеруі Кеңес билігі орнағаннан кейін Қазақстанда күштеп ұжымдастыру (1929-1933) және ашаршылық (1931-1933) кезеңдері қазақ халқының демографиялық ахуалын әлсіретті. 1937-1944 жылдар аралығында Кеңес үкіметі Қазақстанға корей, неміс, шешен, ингуш, қарашай, балқар, грек және басқа да халықтарды депортациялады. [4]

5. Тың және тыңайған жерлерді игеру (1954-1965) 1954 жылы басталған тың игеру саясаты Солтүстік Қазақстанның этнодемографиялық құрылымын түбегейлі өзгертті. Қазақстанға Ресей, Украина және Беларусьтен 2 миллионнан астам адам қоныс аударды. [5]. 1970 жылдарға қарай қазақтар өз жерінде этникалық азшылыққа айналды, ал славян халықтарының үлесі басым болды.

1897 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қазақстан халқының этникалық құрылымы елдегі тарихи және саяси оқиғаларға байланысты өзгеріп отырды. XIX ғасырдың ортасында моноэтникалық қоғам ретінде қалыптасқан қазақтар, 1897 жылғы санақ бойынша өз позициясын жоғалта бастайды. 1959 жылғы санақ бойынша елде қазақ халқының үлесі өзінің тарихындағы ең төменгі деңгейге- 30 %-ға дейін түсіп кетті. Дегенмен 1959 жылдан қазіргі күнге дейін қазақ халқының үлесі өсіп келеді. 1897 жылдан 1959 жылға дейін орыстардың, украиндардың, белорустардың, немістердің және татарлардың саны мен үлес

Күштеп қоныс аударудың бірнеше кезеңдері бар, оның барысында Қазақстан халқының этникалық құрамында елеулі өзгерістер орын алды. «Олар 1939–1970 жылдары ең белсенді болды. Қазақстанда 80-жылдардың аяғында өмір сүрген орыстардың жартысынан көбі осы уақыт аралығында елге келген еді». 30-шы жылдары және Ұлы Отан соғысы кезіндегі күштеп қоныс аудару, қуғын-сүргінге ұшырағандардың және жер аударылғандардың арқасында Қазақстанның көп ұлттылығы айтарлықтай артты.

1897 жылы Ресей империясының Бірінші жалпы халық санағы өткізілген сәттен бастап, 1989 жылғы кеңестік биліктің соңғы санағына дейін Солтүстік Қазақстан тұрғындарының саны жоғары, ал кейбір кезеңдер өте жоғары қарқынмен өсті. Тек қана бір ерекшелік - 1926 жылдан 1939 жылға дейінгі кезеңде жаппай ашаршылық туғызған күштеп ұжымдастыру нәтижесінде Республика халқы 352,679 мың адамға азайған (бұл тек 1939 жылғы халық санағының ресми деректері, бұл санақ нәтижелерімен көптеген зерттеушілер келіспейді).

1989 жылдан бастап халық санының қысқаруы байқалып, 2009 жылы өзінің ең төменгі деңгейіне жетті, одан кейін өсу байқалды. 1999 жылы 1989 жылмен салыстырғанда халық саны төмендеуі солтүстік өңірде - 1042 мың адамды құраса, жалпы Қазақстанда 1511 мың адамды құрады. Демек, өңірдің жалпы халық санының азаюындағы үлесі 69%-ды құрады. Солтүстік өңірлердегі тұрғындар санының максималды төмендеуі 2009 жылғы халық санағы бойынша тіркелді, ол 1989 жылмен салыстырғанда 1660 мың адамнан асты. Кейін 2009 жылы халық санының біртіндеп өсуі басталды.

Соның нәтижесінде 2016 жылы өңір халқының саны 1999 жылғы деңгейден 441,57 мың адамға артты, бірақ 1989 жылғы деңгейден 600 мыңнан астам адамға төмен болды. 2016 жылы өңір халқының саны 6 - 3 828 570 адамға, яғни Қазақстан Республикасындағы жалпы адам санының шамамен 21,7% құрайды. Өңірде халық санының азаюы республика билігін қатты алаңдатууда. Жағдайды жақсарту үшін бірқатар шаралар қабылдануда. Оңтүстіктің жұмыс күші көп аймақтарынан солтүстік облыстарға қоныс аудару тәжірибесі қолданыла бастады. Сонымен қатар, квотаға сәйкес 2016 жылы оралмандардың көпшілігі Солтүстік Қазақстан облыстарына қоныстанатын болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы №83 қаулысымен қоныс аударушыларды қоныстандыру аймақтары болып Қостанай және Павлодар облыстары белгіленді.

Сонымен, қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстан халқының ұлттық құрылымы әлі де көп ұлтты болып табылады, ондағы саны жағынан ең көп екі топ - қазақтар мен орыстар. Кейбір аймақтарда орыс халқының үлесі әлі де жоғары. Ақмола, Павлодар облыстарында қазақ халқы басым, Қостанайда және Солтүстік Қазақстанда орыстар көбірек.

Солтүстік Қазақстан өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, этникалық топтардың барлық белгілерін сақтаған өңір болып табылады. Ұзақ уақыт бойы оның этникалық құрамы үнемі өзгеріп келе жатқан ерекшелікпен анықталды, орыс және еуропалық этникалық топтардың басымдығы мен жергілікті қазақтар үлесінің азаюы.

*Мақала Қазақстан Республикасы ҒЖБМ Ғылым комитетінің «АР23488158 Солтүстік Қазақстан тұрғындарының полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихы мен ұлт құрылысы процесі (XIX ғ. аяғы - XX ғ.)» гранттық жобасы аясында дайындалды.*

### **Әдебиеттер**

1. Қойгелдиев, М. "Қазақстан тарихы". Алматы, 1995 ж., 316 б.
2. Абылхожин, Ж. "Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер". Алматы, Рауан. 2007 ж.,
3. Масанов, Н. "Көшпелілер және олардың тарихы". Алматы, Санат. 1998 ж.,
4. Қозыбаев, М. "Қазақстан тарихы: ақтандақтар". Алматы, Қазақстан. 2007 ж.
5. Сүлейменова, М. "Демографиялық өзгерістер және олардың салдары". Астана, Елорда. 2010 ж.,

**XX ҒАСЫРДЫҢ 50-60 ЫНШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ СОЛТҮСТІК ӨңІРДІҢ :  
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ  
САЛДАРЫ**

**ПОСЛЕДСТВИЯ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ И ДЕМОГРАФИЧЕСКИХ  
ИЗМЕНЕНИЙ СЕВЕРНОГО РЕГИОНА В 50-60-Е ГОДЫ XX ВЕКА**

**THE CONSEQUENCES OF SOCIO-CULTURAL AND DEMOGRAPHIC  
CHANGES IN THE NORTHERN REGION IN THE 50S AND 60S OF THE XX  
CENTURY**

**Хамзина Диана Жанатовна**, II курс магистрант  
**Утегенов Марат Зеннатұлы**, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент  
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.  
[utegenov@inbox.ru](mailto:utegenov@inbox.ru), [khamzina.dianochka.01@bk.ru](mailto:khamzina.dianochka.01@bk.ru)

**Хамзина Диана Жанатовна**, магистрант II курса  
**Утегенов Марат Зеннатович**, кандидат исторических наук, доцент  
Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, г.Кокшетау  
[utegenov@inbox.ru](mailto:utegenov@inbox.ru), [khamzina.dianochka.01@bk.ru](mailto:khamzina.dianochka.01@bk.ru)

**Khamzina Diana Zhanatovna**, Second year undergraduates  
**Utegenov Marat Zennatovich**, candidate of historical sciences, associate professor  
Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau  
[utegenov@inbox.ru](mailto:utegenov@inbox.ru), [khamzina.dianochka.01@bk.ru](mailto:khamzina.dianochka.01@bk.ru)

**Түйіндеме:** Әр елдің тарихында сол елдің тағдырын шешетін оқиғалардың болары анық. Қазақстанның егемендікке қол жеткізуі де, сөз жоқ, осындай оқиғалардың бірі екені даусыз. Ал кейінге шегініп, артымызға қарасақ, осыдан жарты ғасырдай уақыт бұрын республиканың барлық тағдырын шешкен тың эпопеясын болғанын білеміз.

**Түйін сөздер:** Тың, реформа, одақ, социализм, шаруашылық, экология, эрозия, гектар, астық.

**Аннотация:** Очевидно, что в истории каждой страны будут события, которые решат судьбу этой страны. Без сомнения, достижение суверенитета Казахстаном-одно из таких событий. А потом, оглядываясь назад, мы обнаруживаем, что почти полвека назад существовал целинный эпос, решивший всю судьбу республики.

**Ключевые слова:** Целина, реформа, Союз, социализм, хозяйство, экология, эрозия, гектар, зерно.

**Abstract:** Obviously, there will be events in the history of each country that will decide the fate of this country. Without a doubt, the achievement of sovereignty by Kazakhstan is one of such events. And then, looking back, we find that almost half a century ago there was a virgin epic that decided the entire fate of the republic.

**Keywords:** Virgin land, reform, Union, socialism, agriculture, ecology, erosion, hectare, grain.

XX ғасырдың екінші жартысында Кеңес Одағы жүргізген аграрлық реформалардың бірі – тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты. Бұл реформаның басты мақсаты – елдегі азық-түлік тапшылығын жою және астық өндірісін ұлғайту арқылы ауыл шаруашылығы саласын дамыту болды. Тың игеру науқанының аясында Қазақстанның солтүстік, орталық және батыс өңірлерінде миллиондаған гектар жер жыртылып, жаппай егіншілікке

бейімделді. Алайда, бұл үдеріс тек экономикалық өзгерістермен шектеліп қоймай, әлеуметтік, демографиялық және мәдени салаларда да айтарлықтай өзгерістерге алып келді.

1954 жылдың наурыз айында КОКП Орталық Комитеті «Тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы астық өндіруді арттыру туралы» қаулы қабылдады. Бұл шешімнің негізінде Кеңес Одағының ауыл шаруашылығы дағдарысын еңсеру және астық өндірісін жеделдету мақсаты тұрды. Тың игеру, астық өсіретін егістік көлемін арттыру, негізінен, Сібір мен Оралда, Солтүстік Кавказ бен Қазақстанда, әсіресе, солтүстік-шығысындағы алты облыста тың жерлерін пайдалану көзделді. Мысалы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарындағы әрбір шаруашылыққа 1940 ж. 1 қаңтарына қарай орта есеппен шабындыққа жарамды 45 гектар жерден келгенімен, әр шаруашылықта 17,4 гектары ғана пайдалануда, ал облыстар бойынша алғанда, мысалы, Павлодар облысында шабындыққа жарамды 72,7 гектар жердің 16,4 гектары ғана игерілуде деп есептеліп, КСРО-ның орталық аймақтарында шамадан тыс жиналған жұмыс қолын Қазақстанға көшіру жұмыстары басталып кетті [1]. Бұл аймақтарда жерді жаппай жырту, жаңа кеңшарлар (совхоздар) құру және өндірістік инфрақұрылымды дамыту шаралары қолға алынды. 1954-1964 жылдары Қазақстанда шамамен 25,5 миллион гектар жер егістікке айналдырылды. Күнделікті өмірдегі өзгерістердің әлеуметтік салдары ауылдық ландшафттың өзгеруін, жеке меншіктің және экономикалық тәуелсіздіктің жоғалуын, сондай-ақ колхоздар мен совхоздар сияқты әлеуметтік ұйымның жаңа формаларын құруды қамтыды. Барлық қаржы мен мүмкіндіктер жаңадан құрылған совхоздарды дамытуға жұмсалынды. Ал, жергілікті байырғы ауылдарға ешқандай мән берілмей, жүздеген ауылдар болашағы жоқ делініп, жойылған болатын. Көкшетау облысында өзінде сол жылдары елуден астам елді-мекеннің аты картадан өшірілген. Кеңес Одағының батыры М. Ғабдуллиннің туған ауылы Қойсалған ауылын мысалға ала аламыз. Сонымен қоса, елді-мекендердің тарихи атаулары өзгертілді. Айталық, Ақмола-Целиноград, Қойтас-Гагарино, Тайынша- Красноармеец, т.б. 3500 елді мекеннің төл атаулары қазақ жеріне қатысы жоқ атауларымен атала бастады [2].

Тың игеру Қазақстан халқының демографиялық құрылымына түбегейлі өзгерістер алып келді. 1954-1962 жылдары Қазақстанға 2 миллионнан астам қоныс аударушылар келді, олардың басым бөлігі орыс, украин, белорус және басқа славян халықтарының өкілдері болды. Бұл үдеріс қазақ халқының этникалық құрамын өзгертіп, жергілікті тұрғындардың өз жеріндегі үлесін азайтты. 1939 жылы қазақ халқы республика халқының 38%-ын құраса, 1959 жылы бұл көрсеткіш 30%-ға дейін төмендеді. Орыс, украин, белорус, неміс, татар және басқа ұлт өкілдерінің саны артты. 1959 жылғы халық санағы бойынша, республикада қазақтардың үлесі 29,8%-ға төмендеген, ал орыстардың үлесі 42,7%-ға жеткен [3]. Әрине толассыз келіп жатқан осыншама адамды тұрғын үймен азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемасы тұрды. Тыңгерлердің естеліктерінде кейбір совхоздар екі-үш күндеп азық-түліксіз қалатындығы жазылған. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысы, Черкасск совхозында 26 бала дүниеге келген, ал жұмыс кооперативінде сатып алуға көрпе де, жөргекте, балаларға арналған кереует те, жас нәрестеге арналған киімдер де жоқ, 6 мың жәшік емізік ғана әкелінген. Жұмыспен тұрмыстың қатаң жағдайларына шыдамай мыңдаған тың игерушілер Қазақстан жерлерлерін тастап, өз туған өлкелеріне кері қайтқан. Мәселен, Көкшетау облысына келген 2598 отбасынан 663 отбасы, Ақмола облысында – 412, Павлодар облысында – 416 отбасы өз елдеріне кетіп қалған [4]. Демографиялық өзгерістердің тағы бір салдары – урбанизация үдерісінің күшеюі болды. Тың игеру кезінде көптеген жаңа қалалар мен елді мекендер салынып, халықтың белгілі бір бөлігі ауылдық жерден қалалық аймақтарға көше бастады. Мұның нәтижесінде қазақ халқының дәстүрлі өмір салты өзгеріске ұшырады, мал шаруашылығының маңызы төмендеп, қазақтардың көбісі егіншілік пен өнеркәсіп саласына бейімделе бастады.

Тың игеру кезеңі Қазақстанның ұлттық мәдениетіне айтарлықтай әсер етіп, орыс тілінің басқару, білім беру және қоғамдық өмірде негізгі тілге айналуына алып келді. Тың игерілген өңірлерде қазақ мектептерінің саны азайып, 700-ден астам мектеп жабылды.

Қазақ балаларын оқу орындарына орналастыру үшін тек кейбір мектеп-интернаттар ғана жұмыс істей бастады. Ақмола қаласында қазақ тілінде оқытатын жалғыз мектеп қалған болса, Көкшетау қаласында бұл да болмаған. Мұның бәрі қазақ жастарының ана тілінен алыстап, ұлттық бірегейліктің әлсіреуіне, мәдени дәстүрлердің жоғалуына және қазақ тілінің қолданылу аясын тарылтуға себеп болды. Сондай-ақ, тың игеру кезінде Кеңес Одағының атеистік саясаты күшейіп, дінге қарсы шаралар қабылданды. Көптеген мешіттер мен медреселер жабылып, діни қызметкерлер қуғынға ұшырады. Қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтары әлсіреп, кеңестік идеологияның ықпалы артты[5]. Экономист Сергей Марков тың игерудің ұлттық мәдениетке тигізген зиянын сипаттай отырып: «Тың игерушілер қазақ жеріндегі көне ескерткіштер мен тарихи тұлғалардың жерленген орындарын, бейіттерін жойып жіберді. Мысалы, Ақмола өңіріндегі Белібай мен Ыбырай Жайықбаевтың бейіттері бір түнде қиратылды», – деп жазған. Бұл жойқын әрекеттердің артында тек тың игеру ғана емес, қазақ халқының тарихи жадысын жоюға бағытталған жаман ниет тұрғанын байқауға болады. Қазақстандағы тың игерудің әдістері жайында М. Шолоховтың жазбаларында да айтылады: «Тың игеру тек қана табиғатты игерудің емес, мәдени мұраны да жоюдың құралына айналды». Мұндай әрекеттер Қазақстанның мәдени және тарихи байлығының жоғалуына, сондай-ақ халықтың ұлттық санасының қалыптасуына кері әсерін тигізді.

Экологиялық тұрғыдан алғанда, тың игеру науқаны топырақ эрозиясының күшеюіне, құнарлы жерлердің тозуына алып келді. Ғылыми негіздемесіз жүргізілген жаппай жер жырту салдарынан 1960 жылдардың соңына қарай 9 миллион гектар жер жарамсыз күйге түсті. Жел эрозиясы нәтижесінде топырақ қабатының сапасы төмендеп, ауыл шаруашылығының тұрақтылығы бұзылды [6]. Астық өндірісінің алғашқы жылдардағы жоғары көрсеткіштері уақыт өте келе төмендей бастады. Жаңадан игерілген жерлерде ауыл шаруашылығы техникасының жетіспеуі, суару жүйесінің дамымауы және жоспарлы экономиканың тиімсіздігі егіншіліктің тұрақсыз дамуына әкелді. Тың игеру кезінде Қазақстан халқының тұрмысын, әлеуметтік-экономикалық жағдайын сол жылдары жүргізген санаққа, қағаз бетінде қалған сандарға, ел аузында қалған сөздерге қарап қандай жағдайда болғанының айтуға болады [7].

Қорытындылай келе, 1954-1964 жылдардағы тың игеру саясаты Кеңес Одағының аграрлық экономикасында маңызды рөл атқарды және Қазақстанды Кеңес Одағының негізгі астық өндіруші аймақтарының біріне айналдырды. Дегенмен, бұл саясаттың салдары айтарлықтай күрделі әрі қарама-қайшы болды. Бір жағынан, тың игеру Қазақстанның экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына үлес қосты, жаңа қалалар мен өндірістік орталықтар құрылды. Екінші жағынан, оның әлеуметтік, демографиялық және экологиялық зияндары қазақ халқы үшін ұзақ мерзімді мәселелер туғызды. Ұлттық мәдениеттің әлсіреуі, тілдік ассимиляция және экологиялық дағдарыс – тың игеру саясатының ең үлкен салдарларының бірі ретінде тарихта қалды.

*Мақала Қазақстан Республикасы ҒЖБМ Ғылым комитетінің «AP23488158 Солтүстік Қазақстан тұрғындарының полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихы мен ұлт құрылысы процесі (XIX ғ. аяғы- XX ғ.)» гранттық жобасы аясында дайындалды.*

#### **Пайданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Асылбеков М.Х., Құдайбергенова А.И. Қазақстан халқының әлеуметтік және ұлттық құрамындағы өзгерістер (1939-1959 жылдар). Өркениет, 2005. – 160 б.
2. Құдайбергенова А.И.. Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарындағы қазақстанның этнодемографиялық дамуы // Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, т.ғ.д., доцент// 2018
3. История Казахстана: народы и культуры. Дайк-Пресс, 2001. – 600 с., с. 341.

4. Қадыржан Әбуов. Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен. Алматы: Қазақстан, 1994. 83-85-бб
5. Мәлікова С. М35 «Тың эпопеясы» тарих таразысында- қоғамдық- саяси әдебиет.- Алматы, 2020. 95 б.
6. Д.И. Юханович Тың игеру тарихнамасының кейбір мәселелері: Кеңес қоғамы тарихының кейбір проблемалары. - М.: Ғылым, 1964. - 20-21 Б.
7. Б.И. Кулешов Тың игерудегі тарихи тәжірибе. - М.: Мысль, 1978. - 27 Б.

## ГЕОГРАФИЯ, ОБРАЗОВАНИЕ И ПРОСТРАНСТВЕННЫЕ ПОДХОДЫ

## ГЕОГРАФИЯ, БІЛІМ ЖӘНЕ КЕҢІСТІКТІК ТӘСІЛДЕР GEOGRAPHY, EDUCATION, AND SPATIAL APPROACHES

ӘОЖ 372.891

### ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БУЫН ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ТАЛДАУ

Есенжолов Бауржан Хаирденович, Сейткамал Шыңғыс Бауыржанұлы

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ

[BEsenjolov@shokan.edu.kz](mailto:BEsenjolov@shokan.edu.kz), [seitkamals@gmail.com](mailto:seitkamals@gmail.com)

***Аннотация:** Мақалада Қытай және Қазақстандағы орта буын географиясының атап айтсақ 9 сыныптың тақырыптық-күнтізбелік жопарларына салыстырмалы талдау жасалған. Сондай-ақ сабақ мақсаттарына терең саралау жасалып, сабақ барысын жоспарлау баяндалды. Негізгі бағыттар бойынша оқу бағдарламасының мазмұны біріктірілді. Нәтижесінде Қытай мен Қазақстанның оқу бағдарламалары өз елдерінің табиғи, экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін оқушы санасына жүйелі түрде сіңіруге бағытталғандығы анықталды.*

***Кілт сөздер:** орта буын географиясы, сабақ мақсаттары, оқу бағдарламасы.*

Орта буын географиясы – оқушылардың географиялық білімін тереңдетуге бағытталған маңызды пәндердің бірі. География пәні оқушыларға әлемнің физикалық, экономикалық, демографиялық және экологиялық аспектілерін таныстырып, олардың географиялық ойлау қабілетін дамытады. Бұл пәннің мазмұны әр елдің табиғи ерекшеліктері, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен мәдениеті негізінде қалыптасады. Қытай мен Қазақстанның географиясы әртүрлі болғанымен, олардың орта буын білім беру жүйесінде географиялық пәннің мазмұны ұқсас принциптерге негізделген, алайда әр елдің өзіндік ерекшеліктері мен даму бағыттарын ескергенде айтарлықтай айырмашылықтар да бар.

Қазақстандағы орта буын географиясы өз елінің табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайын терең зерттеу арқылы оқушыларды тек географиялық біліммен ғана емес, еліміздің даму үрдістері мен мәселелерімен таныстырады [1]. География пәнінің Қазақстандағы және Қытайдағы мазмұны оқу бағдарламасына сәйкес бірнеше негізгі бағыттардан тұрады (1-кесте).

Кесте 1 – Қазақстан және Қытай географиясының негізгі бағыттары

1. Қазақстандағы орта буын географиясы	2. Қытайдағы орта буын географиясы
Географиялық орны мен табиғи жағдайлар	Географиялық орны мен табиғи жағдайлар
Экономикалық география	Экономикалық география
Халық географиясы	Халық географиясы
Географиялық карталар мен өлшеулер	Табиғат және адам арасындағы байланыс

арасындағы айырмашылықтар туралы айтылады. Сонымен қатар, Қытайдың экспорттық бағыттары мен халықаралық сауда қатынастары да маңызды орын алады. Қытайдың дамушы экономикасы мен инновациялық технологияларына қатысты оқушылардың білімін тереңдетуге бағытталған тақырыптар қарастырылады [2].

Қытай мен Қазақстанның орта буын географиясы білім беру жүйесіндегі маңызды пәндердің бірі болып табылады. Бұл пән оқушыларды тек өз елдерінің географиялық ерекшеліктері мен экономикалық жағдайларын ғана емес, бүкіл әлемнің географиялық және экологиялық жағдайларын тереңірек түсінуге үйретеді. Қазақстан мен Қытайдың географиясын оқыту барысында әр елдің ерекшеліктерін ескеріп, білім беру мазмұнын жоспарлау маңызды болып табылады.

Қытайда география пәні кіші орта мектепте яғни 7-9 сынып аралығында оқытылады. Егерде нақты Қазақстанның 9 сыныбы мен Қытайдың 9 сынап бағдарламасымен салыстырсақ (2 және 3-кесте).

Жалпы сағат саны: 64 сағат (2 сағат × 32 апта) [4].

Кесте 2 – Қытайдағы 9 сынып географиясының тақырыптық-күнтізбелік жоспары

Апта	Тақырып	Сағат саны	Мақсаттар	Ескерту
1	География пәнінің мақсаты мен мазмұны	2	Географияның қоғам мен табиғатты зерттейтін ғылым екенін түсіну	Кіріспе
2–3	Қытайдың географиялық орны	4	Қытайдың шекарасы, көрші елдері, аумағы жайлы білім қалыптастыру	Картамен жұмыс
4–5	Жер бедері және таулы жүйелер	4	Жер бедерінің негізгі типтері мен тауларды ажырату	
6–7	Климаты және климаттық белдеулер	4	Қытайдағы климаттық аймақтарды анықтау	
8	Жер асты және жер үсті сулар	2	Ірі өзендер мен көлдерді таныстыру	Хуанхэ, Янцзы
9	Табиғи апаттар (жер сілкінісі, сел, тасқын)	2	Табиғи апаттардың себептері мен алдын алу	
10–11	Табиғи ресурстар	4	Қазба байлықтары, ормандар, ауылшаруашылық ресурстар	
12	Орта мерзімді бақылау жұмысы	2	Алған білімді тексеру	



13–14	Ауыл шаруашылығы	4	Қытайдың негізгі ауылшаруашылық аймақтарын білу	
15–16	Өнеркәсіп және экономикалық даму	4	Өнеркәсіп салалары мен дамыған аймақтар	
17–18	Қалалар және урбанизация	4	Қала мен ауыл айырмашылығы, мегаполистер	
19	Экологиялық мәселелер	2	Ауа, су, топырақ ластану туралы білім	
20	Қорытынды бақылау	2	1-жартыжылдық бойынша білім тексеру	
21–22	Әлем картасымен жұмыс	4	Әлем елдерінің орнын анықтау	
23–24	Азия елдері: Жапон, Үндістан, Ресей	4	Ірі көршілердің географиясын таныстыру	
25	Еуропа: Германия, Франция, Ұлыбритания	2	Экономикасы дамыған елдер	
26	Солтүстік Америка: АҚШ, Канада	2	Табиғи және экономикалық жағдайлар	
27	Африка материгі	2	Табиғи ерекшеліктері мен ресурстары	
28	Оңтүстік Америка	2	Географиялық орнын елдері	
29	Аустралия және Мұхиттар аймақ	2	Табиғат жағдайы, халқы	
30	Халықаралық ынтымақтастық және жаһандану	2	География мен экономика байланысы	
31	Қоршаған ортаны қорғау	2	Табиғатты сақтау жолдары	
32	Қорытынды бақылау	2	Жылдық білімді тексеру	

Қазақстанның 9 сыныбының күнтізбелік тақырыптық жоспарына талдау жасайтын болсақ, жаратылыстану бағытындағы мектептер жалпы сағат саны 68 сағат, яғни аптасына 2 сағат, барлығы 34 апта [3].

Кесте 3 – Қазақстандағы 9 сынып географиясының тақырыптық-күнтізбелік жоспары

Апта	Тақырып	Сағат саны	Мақсаттар	Ескерту
1	География пәнінің мақсаттары және зерттеу әдістері	2	География ғылымының маңызын түсіну	Кіріспе
2–3	Қазақстанның географиялық орны	4	Қазақстанның Еуразиядағы орнын анықтау	
4–5	Қазақстанның табиғи жағдайлары	4	Жер бедері, климаты, су ресурстары туралы түсінік	

6–7	Қазақстанның табиғи ресурстары	4	Қазба байлықтар мен олардың орналасуын білу	
8	Қазақстанның экологиялық мәселелері	2	Экологиялық проблемаларды анықтау	
9–10	Ауыл шаруашылығы	4	Ауылшаруашылық аудандарын сипаттау	
11–12	Өнеркәсіп пен экономикалық аудандар	4	Негізгі өнеркәсіп орталықтары	
13–14	Көлік және байланыс	4	Көлік түрлері мен маңызын түсіну	
15	Қалалар мен елді мекендер	2	Қалалар мен урбандалу ұғымы	
16–17	Қорытынды қайталау және бақылау жұмысы	4	Алған білімді жүйелеу және тексеру	
18–19	Қазақстанның экономикалық аудандастыруы	4	Экономикалық аудандардың ерекшеліктері	
20–21	Орталық Қазақстан	4	Өнеркәсіптік аймақ ретінде сипаттау	
22	Солтүстік Қазақстан	2	Астық шаруашылығы мен ауылшаруашылық маңызы	
23	Батыс Қазақстан	2	Мұнай-газ өнеркәсібі	
24	Оңтүстік Қазақстан	2	Ауыл шаруашылығы мен халқы	
25	Шығыс Қазақстан	2	Тау-кен өндірісі және табиғи ресурстар	
26–27	Астана, Алматы, Шымкент	4	Мегаполистер ретіндегі рөлі	
28	Қазақстандағы экологиялық апат аймақтары	2	Арал, Семей, Балқаш мәселелері	
29–30	Қазақстан және халықаралық қатынастар	4	Сыртқы экономикалық байланыстар	
31	География пәнін қорытындылау	2	Жалпы қайталау	
32–34	Қорытынды бақылау және талдау	6	Жылдық білімді тексеру	

Қорытындылай келе 9-сынып география пәні бойынша Қытай мен Қазақстанның оқу бағдарламалары өз елдерінің табиғи, экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін оқушы санасына жүйелі түрде сіңіруге бағытталған.

Қытай бағдарламасы географиялық орны, табиғи ресурстары, климаттық жағдайлары, ірі аймақтары мен көрші елдермен қарым-қатынас сияқты тақырыптарға назар аударады. Сонымен қатар, жаһандану, экологиялық мәселелер және халықаралық ынтымақтастық секілді заманауи тақырыптар да қамтылған.

Қазақстандық бағдарлама болса, еліміздің географиялық орны, табиғи байлықтары, экономикалық аудандастыруы, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салалары, экологиялық апат аймақтары мен урбандалу үрдістеріне терең талдау жасайды.[5]

Екі елдің оқу жоспары да оқушылардың география пәніне деген қызығушылығын арттыру, практикалық білім мен картамен жұмыс дағдыларын дамыту, сондай-ақ туған жерге деген жауапкершілік пен әлемдік көзқарасты қалыптастыру мақсаттарын көздейді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Толыбекова Ш., Головина Г., Козина С., Ахметов Е. География: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. – 208 б.
2. 中国科学院大学 материалдары [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік: <https://redplanetchina.com/> – "Education" бөлімі. – Қол жеткізген күні: 10.04.2025.
3. Қытай Халық Республикасы Білім министрлігі. Junior High School Geography Curriculum (参考大纲, 9年级). – <http://www.moe.gov.cn/> (ҚХР Білім министрлігінің ресми сайты). – Қол жеткізген күні: 10.04.2025.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. "Жалпы білім беретін мектептерге арналған География пәнінен оқу бағдарламасы (9-сынып)". – <https://bilimland.kz/> bilimland.kz платформасы, "Оқу бағдарламалары" бөлімі. [Электрондық ресурс] – Қол жеткізген күні: 10.04.2025.
5. Ustaz.kz сайты [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік: <https://ustaz.kz/> – Қол жеткізген күні: 10.04.2025.

УДК 911.2

## ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

## ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

## FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF STUDENTS' CRITICAL THINKING IN THE LEARNING PROCESS

Мазбаев О. Б.

Ш. Уәлиханова атындағы КУ, география ғылымдарының докторы, профессор

Амербеков Е.У.

Ш. Уәлиханова атындағы КУ, магистрант

[amerbekov@bk.ru](mailto:amerbekov@bk.ru)

**Аннотация.** Бұл мақалада оқу процесінде оқушылардың сыни ойлауының даму ерекшеліктері қарастырылады. Сыни ойлауды қалыптастырудың заманауи тәсілдері, оның дамуына ықпал ететін педагогикалық технологиялар мен әдістер талданады. Пікірталастар, Жобалық іс-шаралар, кейстерді талдау және проблемалық оқыту сияқты белсенді және интерактивті оқыту әдістеріне баса назар аударылады. Мақалада сыни ойлаудың дамуына әсер ететін негізгі факторлар, сондай-ақ осы процестегі мұғалімнің рөлі келтірілген. Білім беру процесіне сыни ойлауды дамыту әдістерін тиімді енгізу бойынша мұғалімдерге арналған практикалық ұсыныстар қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** сыни тұрғыдан ойлау, Оқушылардың дамуы, педагогикалық технологиялар, оқытудың белсенді әдістері, танымдық дағдылар, ақпаратты талдау.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности развития критического мышления учащихся в процессе обучения. Анализируются современные подходы к формированию критического мышления, педагогические технологии и методики, способствующие его развитию. Особое внимание уделяется активным и интерактивным методам обучения, таким как дискуссии, проектная деятельность, анализ кейсов и проблемное обучение. В статье представлены ключевые факторы, влияющие на развитие критического мышления, а также роль учителя в данном процессе. Рассматриваются практические рекомендации для педагогов по эффективному внедрению методов развития критического мышления в образовательный процесс.

**Ключевые слова:** критическое мышление, развитие учащихся, педагогические технологии, активные методы обучения, когнитивные навыки, анализ информации.

**Abstract.** This article examines the features of the development of students' critical thinking in the learning process. The article analyzes modern approaches to the formation of critical thinking, pedagogical technologies and techniques that contribute to its development. Special attention is paid to active and interactive teaching methods such as discussions, project activities, case analysis and problem-based learning. The article presents the key factors influencing the development of critical thinking, as well as the role of the teacher in this process. Practical recommendations for teachers on the effective implementation of methods of developing critical thinking in the educational process are considered.

**Keywords:** critical thinking, student development, pedagogical technologies, active teaching methods, cognitive skills, information analysis.

Техникалық прогрестің қарқынды дамуы, халықаралық саясат, сондай – ақ қоғамда болып жатқан процестер-мұның бәрі байланыс арналарының сену және талдау қиын ақпаратпен қанығуына әкеледі. Күн сайын адам жаңа қызмет түрлерін игеру, үлкен көлемдегі деректерді жедел өңдеу, нақты және виртуалды байланыс өрісін кеңейту қажеттілігіне тап болады. Жаңа ұрпақты тәрбиелеу жауапкершілігі иығына жүктелген мұғалім үшін баланы қоршаған әлемді шарлауға қалай үйрету керектігін білу маңызды: қажетті ақпаратты өз бетінше табу, пікір айту және айту, пікірталастарға қатысу, дәлелдер келтіру және т.б.

Мемлекеттік бағдарлама оқушылардың сыни ойлауын дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді. Жағдайларды және тиісті ақпаратты талдау, балама пікірлерді өлшеу және ескеру, теңдестірілген шешімдер қабылдау, пікірталас жүргізу, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы күрделі мәселелерді шешуге үйрету қажет.

1990 жылдары сыни ойлауды дамыту Еуропа елдерінің басым көпшілігінде негізгі білім беру мақсаттарының біріне айналды. Сыни ойлауды дамыту мәселесін философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан дамытумен айналысатын шетелдік зерттеушілердің арасында де Боно Э., Дьюи Дж., Халперна Д, Кластер Д, Пол Р. жақында сыни ойлауды дамыту мәселесін ресейлік зерттеушілер де талдады (Волков Е. В., Галицкий Е. О., Грановская Р. М., Заир - Бек С. И., Федоров А. В. және басқалар). Сыни ойлауды қалыптастырудың кейбір мәселелері Векслер С.И. мен Липкина А. И.-ның еңбектерінде де қарастырылды. бастауыш мектеп жасында сыни ойлаудың негіздерін қалыптастыруға бірқатар факторларға байланысты жеткілікті көңіл бөлінбейді: оқу процесінің монологиялық бағыты және бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері. Алайда, зерттеулердің мәліметтері бойынша, С. Н. Мироненко, Л. П. Тихонова, дәл осы жаста осы процеске ерекше назар аудару керек.

Сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастырудың маңыздылығы сонымен қатар таңдалған тақырыптың өзектілігін растайтын әмбебап оқу әрекеттерін дамытуға бағытталған жаңа буынның білім беру стандарттарына баса назар аударады [1].

Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың пәндік білімдерін ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруды талап етеді. Сыни тұрғыдан ойлау-бұл ақпаратты талдау, дәлелдерді бағалау, негізделген тұжырымдар жасау және объективті мәліметтер негізінде шешім қабылдау қабілеті. Ақпараттық қоғам жағдайында бұл дағды табысты кәсіби және жеке өмірдің кілттерінің біріне айналады. Бұл мақалада оқушылардың сыни ойлауын дамыту ерекшеліктері, сондай-ақ оны білім беру процесінде қалыптастырудың тиімді әдістері қарастырылады.

Сыни ойлауды дамытудың негізгі аспектілері

1. Сыни ойлаудың компоненттері

Сыни тұрғыдан ойлау келесі танымдық дағдыларды қамтиды:

Талдау-негізгі идеяларды анықтау және фактілерді салыстыру мүмкіндігі.

Бағалау-ақпараттың дұрыстығын сыни тұрғыдан бағалау мүмкіндігі.

Логикалық ойлау-себеп-салдар байланысын орнату мүмкіндігі.

Аргументация-логикалық негізделген тұжырымдарды қалыптастыру.

Өзіндік рефлексия-бұл өзінің ойлау процестерін білу.

2. Педагогикалық технологиялар мен әдістемелер. Сыни ойлауды дамыту оқытудың белсенді әдістерін енгізудің арқасында мүмкін болады, олардың ішінде:

Пікірталастар мен пікірталастар-дәлелді сөйлеу мен ақпаратты талдауға ықпал етеді.

Кейс-әдіс-оқушыларға теориялық білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

Жобалау қызметі-өз бетінше зерттеу және шешім қабылдау дағдыларын дамытады [2].

Проблемалық оқыту-балама шешімдерді іздеуді және шығармашылық ойлауды ынталандырады. Сыни ойлауды дамытудағы мұғалімнің рөлі. Мұғалім оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Ол үшін сізге қажет: Ойлар мен идеяларды еркін білдіруге ықпал ететін білім беру ортасын құру. Талдау мен дәлелдеуді қажет ететін жоғары деңгейдегі сұрақтарды қолдау. Оқушылардың ақпарат іздеуде және шешім қабылдауда дербестігін көтермелеу.

Диалог мәдениетін қалыптастыру, әртүрлі көзқарастарды құрметтеу.

Оқушылардың сыни ойлауын дамыту-қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеті. Оқытудың белсенді әдістерін қолдану, ақпаратты талдауда тәуелсіздікті қолдау және дәлелді сөйлеуді дамыту осы құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал етеді. Мұғалімдер оқушыларды қазіргі қоғамның сын-тегеуріндеріне дайындау үшін оқу үдерісіне инновациялық тәсілдерді біріктіруі қажет.

#### Әдебиет:

1. Эннис Р. сыни тұрғыдан ойлау. - Мәскеу: Педагогика, 2015.
2. Поляков А. В. оқытудың белсенді әдістері: Теория және практика. - Санкт-Петербург.: Питер, 2018.

**БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕГІ ГЕОКЕШИНГ  
ГЕОКЕШИНГ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ И ВОСПИТАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ  
GEOCACHING IN THE EDUCATIONAL AND EDUCATIONAL PROCESS**

**Мазбаев О. Б.**

Ш. Уәлиханова атындағы КУ, география ғылымдарының докторы, профессор

**Дайрабаева А.Ж.**

Ш. Уәлиханова атындағы КУ, магистрант

[aigul0974dairabaeva@gmail.com](mailto:aigul0974dairabaeva@gmail.com)

**Аннотация.** Бұл мақалада *геокешингтің* білім беру және тәрбие үдерісіндегі рөлі мен маңызы қарастырылады. Геокешинг – цифрлық технологиялар мен белсенді оқытуды үйлестіретін инновациялық әдіс, ол оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың зерттеу және шығармашылық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мақалада геокешингтің білім беру саласында қолданылу мүмкіндіктері, оның оқыту үдерісіне интеграциялану жолдары талданады. Сонымен қатар, тәрбие аспектісіндегі маңызы, яғни оқушылардың командада жұмыс істеу, экологиялық мәдениет пен жауапкершілік сияқты қасиеттерін қалыптастырудағы рөлі көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері геокешинг әдісінің оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, тарихи және географиялық білімдерін тереңдетуге, сондай-ақ денсаулықтарын нығайтуға оң әсер ететінін көрсетеді. Осы орайда, мақалада геокешингті мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарында тиімді қолданудың практикалық ұсыныстары беріледі.

**Түйін сөздер:** геокешинг, білім беру, тәрбие, инновациялық оқыту, белсенді оқыту әдістері, цифрлық технологиялар, командалық жұмыс, экологиялық тәрбие, зерттеушілік дағдылар, интерактивті оқу.

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются роль и значение геокешинга в образовательном и воспитательном процессе. Геокешинг-это инновационный метод, сочетающий в себе цифровые технологии и активное обучение, который стимулирует интерес учащихся и способствует развитию их исследовательских и творческих навыков. В статье анализируются возможности применения геокешинга в сфере образования, пути его интеграции в процесс обучения. Кроме того, отражается значение в аспекте воспитания, то есть роль учащихся в формировании таких качеств, как работа в команде, экологическая культура и ответственность. Результаты исследования показывают, что метод геокешинга положительно влияет на повышение познавательной активности учащихся, углубление исторических и географических знаний, а также укрепление их здоровья. В этой связи в статье даются практические рекомендации по эффективному использованию геокешинга в школах и организациях дополнительного образования.

**Ключевые слова:** геокешинг, образование, воспитание, инновационное обучение, активные методы обучения, цифровые технологии, командная работа, экологическое воспитание, исследовательские навыки, интерактивное обучение.

**Abstract.** This article discusses the role and importance of geocaching in the educational and upbringing process. Geocaching is an innovative method that combines digital technologies and active learning, which stimulates students' interest and promotes the development of their research and creative skills. The article analyzes the possibilities of using geocaching in education, ways of its integration into the learning process. In addition, the importance in the aspect of education is reflected, that is, the role of students in the formation of such qualities as teamwork, environmental culture and responsibility. The results of the study show that the

*geocaching method has a positive effect on increasing students' cognitive activity, deepening historical and geographical knowledge, as well as strengthening their health. In this regard, the article provides practical recommendations for the effective use of geocaching in schools and additional education organizations.*

**Keywords:** *geocaching, education, upbringing, innovative learning, active teaching methods, digital technologies, teamwork, environmental education, research skills, interactive learning.*

Заманауи білім беру жүйесінде оқушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттыру және олардың шығармашылық, ізденімпаздық қабілеттерін дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану қажет. Солардың бірі – геокешинг (Geocaching) әдісі. Геокешинг – бұл GPS технологиясына негізделген қызықты әрі танымдық ойын түрі, онда қатысушылар географиялық координаттар арқылы арнайы нысандарды (кештерді) табады. Бұл әдіс білім беру мен тәрбие үдерісінде оқушылардың белсенділігін арттырумен қатар, олардың ұжымдық, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Геокешингтің ерекшеліктері [1]:

- Ойын түрінде ұйымдастырылған танымдық әрекет.
- Табиғатпен, қоршаған ортамен тікелей байланыс.
- Оқушылардың дене қозғалысын, логикалық ойлауын және әлеуметтік қарым-қатынасын дамыту.

Білім беру саласындағы рөлі [2]:

1. Интеграцияланған оқу: Геокешинг география, тарих, биология, математика, физика және басқа пәндерді кешенді оқытуға мүмкіндік береді.
2. Далалық зерттеулер: Табиғи немесе тарихи орындарда практикалық тапсырмаларды орындау арқылы білімді бекіту.
3. Құндылықтық тәрбие: Табиғатты қорғау, ұжымдық жұмыс, мәдени-тарихи мұраларды құрметтеу сияқты құндылықтарды қалыптастыру.

Геокешингті қолданудың білім беру мен тәрбиедегі артықшылықтары [3]:

1. Оқу мотивациясын арттыру

Геокешинг оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады. Олар сабақты тек теориялық түрде емес, іс-әрекет арқылы меңгереді.

2. Зерттеушілік дағдыларды дамыту

Геокешинг тапсырмалары арқылы оқушылар зерттеушілік жұмыс дағдыларын игереді. Бұл әсіресе, география және биология сияқты пәндер үшін пайдалы.

3. Ұжымдық жұмыс

Геокешинг барысында оқушылар бірлесіп жұмыс істейді. Олар бір-бірімен пікір алмасып, шешім қабылдауға үйренеді.

4. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану

GPS құрылғылары мен мобильді қосымшаларды қолдану арқылы оқушылар технологиялық сауаттылығын арттырады.

5. Дене белсенділігі мен табиғатпен байланыс

Геокешинг табиғатта өткізілетін болғандықтан, оқушылар таза ауада уақыт өткізеді, бұл олардың денсаулығына оң әсер етеді.

Геокешинг білім беру мен тәрбие процесінде әртүрлі форматта ұйымдастырыла алады [4].

1. Пәндік геокешинг

- География: Тарихи немесе табиғи жерлердің координаттарын анықтап, сол жерлерде кештерді орналастыру.

- Математика: Тапсырмаларды шешу арқылы кештің орналасқан жерін табу.

- Тарих: Археологиялық орындарды зерттеу немесе тарихи оқиғаларға байланысты кештер құру.

2. Тәрбие бағытындағы геокешинг

- Оқушыларды экологиялық сана мен табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

- Ұлттық құндылықтарды насихаттау үшін мәдени-тарихи жерлерге саяхат ұйымдастыру.

3. Эстафеталық геокешинг

- Командалық жарыстар арқылы кештерді іздеу.

- Бір топ кешті табу үшін келесі топқа белгі қалдырады.

4. Онлайн және офлайн геокешингті үйлестіру

- GPS-ті пайдалану арқылы офлайн кештерді іздестіру.

- Онлайн платформаларда оқушылардың орындаған тапсырмаларын бағалау.

Геокешингті қолдану қадамдары [5]:

1. Мақсат пен міндеттерді анықтау: Геокешинг ұйымдастырылатын пән немесе тәрбиелік бағыт таңдалады.

2. Координаттарды белгілеу: GPS құрылғылар немесе Google Maps арқылы кеш орналасатын нысандар анықталады.

3. Тапсырмаларды дайындау: Кешті табу үшін оқушыларға түрлі тапсырмалар беріледі (жұмбақтар, есептер, сұрақтар).

4. Топтарды ұйымдастыру: Оқушылар командаларға бөлінеді.

5. Нәтижелерді бағалау: Әр команданың нәтижесі талқыланып, белсенді қатысушылар марапатталады.

Геокешинг арқылы оқушылардың келесі қасиеттері қалыптасады [6]:

- Жауапкершілік: Берілген тапсырманы уақытында және сапалы орындауға ұмтылу.

Қарым-қатынас: Топтық жұмыс барысында бір-бірімен келісіп жұмыс істеу.

- Құндылықтарды түсіну: Табиғатты, тарихи және мәдени нысандарды қорғауға деген қызығушылық пен құрмет.

Геокешинг – бұл заманауи білім беру мен тәрбие процесін жандандырудың тиімді әдісі. Ол оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық, зерттеушілік және ұжымдық жұмыс дағдыларын қалыптастырады. Бұл әдіс білім беру мен тәрбие үдерісіне жаңашылдық енгізуге мүмкіндік береді және оқушыларды өмірге қажетті құндылықтарға үйретеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Дьюи Дж. Образование и опыт. — Москва: Просвещение, 2000.
2. Выготский Л. С. Развитие высших психологических функций. — Москва: Педагогика, 1986.
3. Назарбаев Н. Ә. Ұлы даланың жеті қыры. — Егемен Қазақстан, 2018.
4. Абдуллина Г. И. Инновационные подходы в образовании. — Алматы: Білім, 2015.
5. Павлова О. В. Геокешинг в образовательном процессе. — Москва: Академия, 2019.
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2020.



**МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯ КУРСЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ  
СИПАТТАМАСЫ**

**ХАРАКТЕРИСТИКА ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РАМКАХ  
ШКОЛЬНОГО КУРСА ГЕОГРАФИИ**

**CHARACTERISTICS OF PROJECT ACTIVITIES IN THE FRAMEWORK OF  
THE SCHOOL GEOGRAPHY COURSE**

**Мазбаев О.Б.**

КУ им.Ш.Уалиханова доктор географических наук, профессор

**Есенгельдина О.**

КУ им.Ш.Уалиханова, магистрант

Эл адрес: esengeldina22@mail.ru

**Аннотация.** Мақалада мектептегі оқу процесінің мотивациясы мен тиімділігін арттыру құралы ретінде жобалық қызметтің рөлі қарастырылады. Жобалық оқытуды ұйымдастыру әдістеріне, оның оқушылардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға, сондай-ақ кәсіптік бағдарлауға әсеріне ерекше назар аударылады. Білім беру мекемелерінде жобалық әдісті енгізу проблемалары, атап айтқанда әдістемелік қолдаудың жеткіліксіздігі талданады. Мақалада оқушылардың тәуелсіздігін, зерттеу дағдыларын дамыту және пәнге деген қызығушылықты арттыру үшін жобалық әдістің тиімділігін растайтын география мұғалімдерінің сауалнамасының нәтижелері келтірілген.

**Түйінді сөздер:** жобалау қызметі, жоба әдісі, проблемалық оқыту, оқушыларды ынталандыру, білім беру технологиялары, танымдық дағдылар, географиялық білім.

**Аннотация.** В статье рассматривается роль проектной деятельности как средства повышения мотивации и эффективности учебного процесса в школе. Особое внимание уделяется методам организации проектного обучения, его влиянию на развитие когнитивных и социальных навыков учащихся, а также на профориентацию. Анализируются проблемы внедрения проектного метода в образовательных учреждениях, в частности недостаточное методическое сопровождение. В статье представлены результаты анкетирования учителей географии, подтверждающие эффективность проектного метода для развития самостоятельности учащихся, их исследовательских умений и повышения интереса к предмету.

**Ключевые слова:** проектная деятельность, метод проектов, проблемное обучение, мотивация учащихся, образовательные технологии, когнитивные навыки, географическое образование.

**Abstract.** The article examines the role of project activities as a means of increasing motivation and effectiveness of the educational process at school. Special attention is paid to the methods of organizing project-based learning, its impact on the development of cognitive and social skills of students, as well as on career guidance. The article analyzes the problems of implementing the project method in educational institutions, in particular, insufficient methodological support. The article presents the results of a survey of geography teachers, confirming the effectiveness of the project method for developing students' independence, their research skills and increasing interest in the subject.

**Keywords:** project activity, project method, problem-based learning, student motivation, educational technologies, cognitive skills, geographical education.

Одним из путей повышения мотивации и эффективности учебной деятельности в школе является включение учащихся в проектную деятельность. Цели и задачи этих видов деятельности учащихся определяются как их личностными мотивами, так и социальными. Это говорит о том, что такая деятельность должна быть направлена не только на повышение мотивации подростков в предметной области определенных дисциплин, не только на развитие их способностей, но и на создание определенного продукта, имеющего значимость для других.

Проектная деятельность должна строиться таким образом, что в ней будут востребованы способности детей, реализованы личные пристрастия к тому или иному виду деятельности. В данном случае обучающиеся делают первые шаги к профориентации.

А что же такое «проектное обучение», «метод проектов», «учебная проектная деятельность»? Проектное обучение может рассматриваться как дидактическая система, а метод проектов – как компонент системы, как педагогическая технология, которая предусматривает не только интеграцию знаний, но и применение актуализированных знаний, приобретение новых. Для комплексного решения задач обучения используются различные методы, в том числе выполнение творческих проектов, целью которых является включение учащихся в процесс преобразовательной деятельности от разработки идеи до ее осуществления [1].

Проекты могут выполняться индивидуально либо в группах. В групповых проектах отдельные разделы выполняются индивидуально. Но и в проектах, выполняемых индивидуально, есть элементы групповой работы, например, при проведении мозгового штурма или взаимной оценки первоначальных идей друг друга. Включение групповой работы в каждый проект помогает развивать навыки сотрудничества и чувство коллективной ответственности. При этом необходимо обеспечить индивидуальный подход к детям, давая задания, соответствующие уровню их возможностей, постепенно усложняя содержание работы. При групповой работе школьники усваивают материал в совместной инновационной форме его изучения, обсуждения и взаимообучения с выработкой обобщенного, коллективного решения. Учащиеся в группе осваивают элементы организационной деятельности лидера, сотрудника, исполнителя, получая социальный опыт практической деятельности [40]. Одним из эффективных методов проблемного обучения является метод учебных проектов. Проектная деятельность направлена на развитие готовности учащихся самостоятельно добывать знания и ориентироваться в потоке информационного пространства, т.е. она направлена на развитие когнитивных навыков, в соответствии с целями образовательной деятельности. Одним из самых своеобразных предметов в школьном образовании является география.

В рамках изучения данного предмета у детей развивается любознательность, которая побуждает к самостоятельности в изучении причин географических открытий и природных явлений. Школьная география создаёт условия для использования современных форм и методов обучения, в том числе и проектной деятельности. Основателем метода проектов в образовании считается Джон Дьюи, последователем которого был Уильям Килпатрик. Достижения американских и европейских педагогов активно применялись в советских рабочих школах в 1920-е годы. Образовательные проекты являются важнейшим инструментом для когнитивного развития школьников. ГОС требует выполнения проектной работы, однако в образовательных учреждениях пока что не достаточно развиты методические условия для реализации этого метода.

Проблема исследования связана с тем, что в соответствии с требованием ГОС о реализации проектной деятельности учащихся возникают проблемы с её реализацией в общеобразовательных учреждениях, а именно не учитываются индивидуальные потребности и возможности учащихся и в результате имеет место низкая мотивация и снижение качества реализации проектов.

ГОС рассматривает деятельность на основе проектов. Деятельность учащихся в рамках проекта рассматривается с разных точек зрения – как продукт, как процесс и

представление (защита проекта). В общеобразовательных школах в 9-11 классах проектная деятельность является обязательной, а ее результаты указываются в аттестате об образовании.

Мы провели анкетирование среди учителей, преподающих географию в школах и выяснили, что реализация проектов с учащимися – очень эффективный метод. Благодаря этому методу обучающиеся учатся самостоятельно находить, анализировать информацию и представлять её в различных форматах. Мы занимались проектной деятельностью в 9 классе общеобразовательной школы и реализовывали проекты с учащимися. Учащиеся выполняли не только домашние задания по предмету, но и еще более глубоко изучали интересующие их вопросы. Проектная деятельность на уроках географии положительно повлияла на повышение познавательного интереса к предмету.

#### Список литературы

1. Береговая Т.Г. Использование проектной деятельности в обучении на уроках географии // Образование. – № 5. – 2022 – С. 41-44.

### ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ «ЦЕНТРА ПО ОХРАНЕ И ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ» УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 2024 ГОДУ

Тлеугабулов Данияр Толегенович<sup>1</sup>, Рысбергенов Муса Ахатулы<sup>2</sup>  
Мухаметзянов Артур Робертович<sup>3</sup>, Тлекишев Сулейман Нурланович<sup>4</sup>,  
Тагленов Амир Максutowич<sup>5</sup>, Укеев Жасулан Каримулы<sup>6</sup>

<sup>1-5</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

<sup>6</sup>«Центр по охране и использованию историко культурного наследия» управления культуры Акмолинской области

<sup>1</sup>[danchitto@mail.ru](mailto:danchitto@mail.ru), <sup>2</sup>[rysbergenov.mussa@mail.ru](mailto:rysbergenov.mussa@mail.ru), <sup>3</sup>[artur.mukhametzyanov.01@mail.ru](mailto:artur.mukhametzyanov.01@mail.ru),

<sup>4</sup>[kvas1ks@mail.ru](mailto:kvas1ks@mail.ru), <sup>5</sup>[0dolodil111@gmail.com](mailto:0dolodil111@gmail.com), <sup>6</sup>[zhassulan82@mail.ru](mailto:zhassulan82@mail.ru)

**Аннотация.** В статье представлены итоги полевых исследований, проведенных Акмолинской археологической экспедицией в 2024 году. Работы осуществлялись на территории Сандыктауского, Зерендинского и Бурабайского районов и включали археологические раскопки, разведки и фиксацию новых объектов. Основными памятниками стали могильник бронзового века Чайка I, могильник Алтынтау, культово-поминальный комплекс Абакай, а также уникальное изображение человеческого лица на камне в горах Сандыктау. В статье охарактеризованы культурные особенности, хронологические параметры и значение исследованных объектов. Отмечено использование современных методов фиксации и международный характер экспедиции. Представленные материалы вносят вклад в изучение истории и археологии Северного Казахстана.

**Ключевые слова:** Северный Казахстан, эпоха бронзы, алакульская культура, сакская эпоха, бронзовое зеркало, курган с «усами», геофизические методы, ГИС-технологии

**Источник финансирования:** Статья подготовлена в рамках проекта «Культово-поминальные комплексы древних тюрков Сарыарки: проблемы поиска и изучения», ИРН проекта AP22686087.

#### Введение

В 2024 году Акмолинская археологическая экспедиция КГУ «Центр по охране и использованию историко-культурного наследия» управления культуры Акмолинской области провела полевые работы на территории Сандыктауского, Зерендинского и

Бурабайского районов. В рамках полевого сезона были выполнены археологические раскопки, разведки, фиксация и обследование новых памятников. Работы велись как на ранее известных объектах, так и на вновь открытых разновременных археологических памятниках.

### **Основная часть**

#### **Могильник Чайка I (Сандыктауский район)**

Могильник Чайка I расположен в 2 км к северо-востоку от села Владимировка, на левом берегу реки Жабай. Включает 158 конструкций, что делает его крупнейшим алакульским могильником Северной Сарыарки (Кокшетауской возвышенности). Проведенные раскопки на двух объектах позволили получить материал, отражающий культурные традиции алакульской культуры. Погребальный обряд обнаруживает параллели с приишимскими памятниками, датируемыми 2-й половиной XVIII – XVII вв. до н. э.

Тот факт, что Чайка I – это крупнейший алакульский могильник на территории Северной Сарыарки, говорит о длительном периоде его функционирования. В свою очередь, это характеризует достаточно стабильный период развития, когда привнесенные в сарыаркинские степи приишимские традиции, в силу смены природной среды и местного развития, претерпевали некоторые изменения.

Местоположение могильника указывает на существование поблизости крупного поселения, которое пока не удалось локализовать, предположительно из-за гидрологических изменений в долине Жабай. Для дальнейших исследований предлагается применение геофизических методов и рекогносцировочных раскопов.

#### **Могильник Алтынтау (Зерендинский район)**

Раскопки на могильнике Алтынтау были проведены на двух объектах. В одном из них обнаружено бронзовое зеркало с боковой фигурной ручкой и грибовидной кнопкой. Конструктивные особенности захоронения и находка зеркала позволяют предварительно отнести памятник к тасмолинской культуре и датировать VIII–VI вв. до н. э. Радиоуглеродные образцы направлены на анализ в лабораторию Vilnius Radiocarbon (Литва).

#### **Комплекс Абакай (Бурабайский район)**

Урочище Абакай представляет собой локальный сакральный центр с множеством этнографических преданий. Исследовано 5 объектов, включая курган с «усами». В ряде курганов (№2, №3) зафиксированы кенотафы – символические захоронения без останков. Курган с «усами» №7 относится к предтюркскому периоду и, несмотря на повреждения, сохранил ряд характерных элементов: каменную насыпь, гряды, менгиры. Все исследованные объекты оказались безынвентарными, что затрудняет точную датировку.

Анализ архитектурных особенностей курганов с «усами», их планировка, а также аналогии с другими памятниками Зауралья и Центрального Казахстана позволяют отнести их к культово-поминальным сооружениям V–VII вв. н. э.

#### **Изображение лица в горах Сандыктау**

Вблизи села Балкашино зафиксировано уникальное изображение человеческого лица, высеченного на камне, не имеющее прямых аналогий в регионе. Обнаружены также нетипичные каменные выкладки, аналогичные памятникам средневековой Монголии. Эти находки требуют отдельного исследования.

#### **Разведочные работы**

Параллельно проводилась археологическая разведка, в ходе которой были обследованы памятники по долине реки Шагала. Это направление выбрано в силу высокой концентрации памятников разных эпох и значительной плотности заселения в древности. Общая исследованная площадь составила около 2,5 тыс. кв. км, всего было проинспектировано 20 археологических памятников

### **Заключение**

Работы 2024 года стали важным этапом в изучении археологического наследия Акмолинской области. Были получены новые данные по эпохе бронзы, раннему железному веку и предтюркскому периоду. Могильник Чайка I и урочище Абакай обладают высоким научным потенциалом и перспективны для включения в число знаковых археологических объектов региона. В ходе экспедиции использовались современные методы фиксации (БПЛА, фотограмметрия, топографическая съемка).

Работа экспедиции носила международный характер. В исследованиях принимали участие зарубежные магистранты из Северо-Восточного федерального университета им. М. К. Аммосова (Якутск, РФ). Все полученные материалы легли в основу научных публикаций.

Результаты исследований 2024 года стали основой для системного подхода к изучению археологических памятников региона и внесли значительный вклад в развитие науки, укрепление культурной идентичности и популяризацию исторического наследия Акмолинской области.

**«Шоқан оқулары-29 Шоқан Уәлихановтың мұрасы: өңірлік  
қырлары мен жаһандық даму бағдарлары» арналған халықаралық ғылыми-  
практикалық конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно-практической конференции  
«Шоқан оқулары-29 Наследие Шокана Уалиханова: региональный аспект и  
глобальные перспективы»**

**MATERIALS**

**of the International Scientific Practical Conference  
«Shokan okulary-29 The Legacy of Shokan Ualikhanov: Regional Aspects and Global  
Perspectives»**

**Серия История и география**

Том 3

30.05.2025 ж. баспаға ұсынылды. Көлемі: 8,1 б,т.б.  
Тираж 100 экз. Тапсырысы №49

---

Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті коммерциялық  
емес акционерлік қоғамы баспаханасында басылған  
Мекенжайы: Қазақстан, Ақмола обл., Көкшетау қаласы,  
Темирбекова көшесі, 30а,  
e-mail: [www.kgu.kz](http://www.kgu.kz)